Үстіне көп әскердің құйды...
Баршасы намаз оқып таһарат алып,
Су ішіп сахабалар мейірі қанды.
Сап түзеп екі әскер майдан құрды,
Даурасбай бір-біріне қарап тұрды.
... кба шайба уали баслыға екен,
Шығар деп жекпе-жекке қарап тұрды.
Бұ жақта Әли, Хамза[800], Убайда[801],
Олар да ілгерірек жақын жүрді.
Ол жақтан ер Убайда қарсы шықты,
Ит кәпір балуан еді аса мықты.
Ол жақтан ат ойнатып шыққаннан соң,
Бұл жақтан батыр Хамза қалқан тұтты.
... найза көтеріп жетіп келді,
Ол ер Хамзаға найза сұқты.
Найзасын көкіректен салған шақта,
Бірақ қағып батыр Хамза сындырыпты.
Қайта айналып шоқпармен ұрған,
Батыр Хамза ұрып жықты.
Жіп тағып мойнына асты сүйретіп,
Алдына пайғамбардың алып кепті.
Меккеде жүрген шақта бір күндерде,
Жүзіне пайғамбардың түкіріпті.
Ішінен Расулымның қалмайды екен,
Құдайға мың мәртебе шүкір қыпты.
Иә, Аллах, бергеніңе сабыр қылдық,
Н... уафи[802] қылар уақыт жетті.
... сонда қарап хақ пайғамбар,
Иә, Әли, бұл малғұнды өлтір депті.
... тұрушы еді пайғамбарға,
.....

Бар еді арт жағымда жас балалар,
Мен өлсем солар жетім қалар депті.
Жетімдік өз басыңнан кешіп еді,
Рахым қылмас ба оған депті.
Иә... жәһәннамның көсеуісінен,
Ол отты жандыруға уақытың жетті.
Ол сенің ұл, қыз, қатының,
Жәһәннам оты азырақ болар депті.
Ол Әли дүл-дүлінен түсе қалып,
Сол жерде бас кесіп өлтіріпті.
... боздайғып бетін жыртып,
Бұйрығын пайғамбардың орнына келтіріпті.
Ол зұлым – Аллаһның шын дұшпаны.
Жаны тура жәһәннамға барып кірді.
Ашумен Әбу Жәһил қарсы шапқан,
Ғамари деген барыпты біздің жақтан.
Мағазбан қамар деп айтады екен,
Батыр еді талайды түбтей атқан.
Балуандығы ғаламға мәшһур[803] еді,
Күрескен де талайды домалатқан.
Жәһилге батыр Омар барды жетіп,
Екі жақ қарап тұрды тамаша етіп.
Үстінде текеуері көкке қарап,
Ит Жәһил жетіп келді жер күңіренгіп.
Жүгіртіп келген қарсы бетіменен,
Омарды ұрып кетті өтіп.
Басында болат қалқан, белде шоқпар,
Омарда қатты ұмтылды екпіндетіп.
Шоқпармен батыр Омар бұда салды,
Тигізбей Әбу Жәһил қағып қалды.
Қимылын ер Омардың көрген жандар,
Көрмедік деп айтады мұндай...
Бірін-бірі ұрады кезекпенен,
Сонда да бірі күштеп жығалмады.
.....
Қайсарып батыр Омар бір болмады.

Найза, қылыш, шокпарға болмаған соң,
Жәһилдің жағасынан ұстай алды.
Екеуі айдаһардай алысыпты,
Сол жерде көрген жандар таң қалды.
Пәре-пәре болыпты үсті басы,
Қарап тұрған адамдар...
Екеуі жағаласып тұрған кезде,
... жетіп барды.
Шокпармен екі қолдап ұрып еді,
Есі ауып Жәһил аттан құлап қалды.
Омардың інісі еді бірге туған,
Шыдамай ағасына шокпар ұрған.
Убайда, батыр Хамза, хазірет Әли,
Жібермей көп мушрикті[804] қайта қуған.
Муғазбен Омар мен ирғафәр,
Екеулеп ит Жәһилді байлап алған.
Жін тағып мойнына итше сүйреп,
Алдына пайғамбардың алып келген.
Екеуі иттей сүйреп алып кепті,
Пайғамбар басын кесіп өлтір депті.
Сол жерде хазіретті Әли келді жетіп,
Тіліңді кәлимаға[805] келтір депті.
Тіліңді кәлимаға келтірмесең,
Басыңнан бұ дәуренің өтер депті.
Жәһил айтты мен қорқып тіл алмаймын,
Ләт манақдан басқаны білалмаймын.
Өлтірсең өлтіре бер мейлің білсін,
Сендермен ел болып мен жүралмаймын.
Сонда да Әлименен ерегесті,
Кәпірлер жаннан қорқып қайғы жесті.
... нан өлем деп арман қылып,
Дінге кірмей өліп жаннан кешті.
Жарлық қып хақ пайғамбар бұйырған соң,
Сол жерде ибн Масғуд[806] бас кесті.
Төрт батыр Хамзаменен аттан түсіп,
Бөлектеп мүшелерін кескілепті.

Сол жерде екі әскер қарсы шапты,
Бұл жақтан мұсылмандар қойды атты.
Убайда, Әли, Хамза батыр, Ғаббас[807], хазірет
Омар[808],
Бес жүзді бір сағатта қырып сапты.
Үш жүз он сахаба келіп еді,
Шаһид[809] боп он сахаба қаза тапты.
Өтірік қосқаным жоқ мұны мақтап,
... мұсылманды Құдай сақтап.
Убайда, хазірет Әли, батыр Омар, Хамза, Ғаббас,
Қуыпты кәпірлерді екі жақтап.
.....
... қылалмай кәпірлер қырғын тауып.
Бес жүз он, бес кісі өлді,
Қалғаны дінге кірді есін танып.
Сонан кейін Мекке халқы бағыт берді,
Күндерде... тамам елді.
Аллаһдан анық хабар болғаннан соң,
Хақ Расул патша боп таққа мінді.
Көп жұртты мұсылманға көндірмекке,
Жиырма жеті мәртебе ұрыс қыпты.
Тағыда ұрысқалы Әли барды,
Бет қойып барған жердің бәрін алды.
Көп жұртты күшімен қырып еді,
Тамам жұрт... дінге салды.
Иман нәсіп болмағаны – дін дұшпаны,
Мұсылман болмай Жәһил өліп қалды.
Осындай риуаят[810] бар пайғамбардан,
Құтқарар мұсылманды тәмуғ нардан[811].
Өз бетіммен бұ сөзді жазғаным жоқ,
Көріп жаздым... ақбардан.
Исламға жиырма үш жыл жарық болып,
Алпыс үш жасында дүние салған.
Онан соң төрт... жар патша болып,
Кейінгі үмметіне мирас[812] қалған.
Он үш жыл Мекке халқын дінге салып,

Онан соң Мәдинеде он жыл тұрған.
«Әл ияум әкмәлту»[813] деген аят,
Бақиға бұ фәнидан[814] сапар қылған.
Хақ Расул қандай еді,
Сөйлесе жарық болған... еді.
Исламға нұр шәкілі нұрын шашқан,
Бір атқан мұсылманға таңдай еді.
Бірінен-бірі тәтті айтқан сөзі,
Ләззат, шекер, балдай еді.
Ол Расул дүниедегі нұрлы жүзді,
Сөйлесе өзі әдепті шырын сөзі.
Өзі... сымбатты, ұзын бойлы,
Ат жақты, қиылған қас, қой көзді.
Расулың көлеңкесі болмас еді,
Үстіне бүркесен тонбас еді.
... іші-тысы бәрі жарық,
Пақыр мен мискиндерге[815] жолдас еді.
Ол Расул шариф сөзді, нұр сипатлы,
Сөйлесе бек мүләйім балдан тәтті.
Бір Алладан басқадан қорықпаған,
Өзі жомарт ғәдл, мархаметті.
Аманатқа қиянат қылмағаннан,
Қойыпты жаһудтар Әмин атты.
Сабырлы, тәуекелшіл, меһірбанды,
Әр жерде қысылғанға шапағатты.
Неше мың кәпірлерден қашпаушы еді,
Не қиын іс болсада саспаушы еді.
Жаудан қорқып еш бетін қайырмаған,
Бір қадам кейін аяқ баспаушы еді.
Ғұмырында бір ихтиләм[816] болған емес,
Үстінде қылшық түзелік тұрған емес.
Ішінде пұт бұрканның осы дағы,
Көзін салып, бір мойнын бұрған емес.
Ұйықтаса, оң жағымен жатар еді,
Ұжмақтың тағамынан татыр еді.
Білінбес жұмсақ жерге басқан ізі,

Ғұмырында тамар... жүрер еді.
Ғұмырында ешбір қатты бір күлмеген,
Жымыып тісіменен күлер еді.
Ояу шақта батылмен қандай білсе,
Ұйықтағанда һәм сондай білер еді.
Анық көзбен қараса бір қарауда,
Мағриб пен машриқны[817] көрер еді.
Басын бір ақ бұлт сая болып,
Қайда өзімен бірге жүрер еді.
Ғұмырында көзі дұшпан карамаған,
Анықтап мойнын бұрып қарар еді.
Не қажет десе өз құлдарға,
Қайта ауру болса көңілін сұрап келер еді.
Бір нәрсе қараңғыда түсе қалса,
Жүзінің сәулесімен көрер еді.

.....
Намазға таң сахардан тұрушы еді.
Бір жерде мәжіліс қып көп отырса,
Орнында жұпар иісі қалушы еді.
Ғұмырында еш нәрсе қорламады,
Адамға жауыздық еш қылмады.
Арада тамашалар толып жатыр,
Қаһарланса ешбір жанды тыңдамады.
Жауырында пайғамбарлық мөр бар еді,
Ішінде аят жазған сөз бар еді.
Ішінде қалын топтың отырғанда,
Бір қараса бойы бек болар еді.
Түкірген түкірігі жерге түссе,
Қатық берсе шипа болар еді.
Егер де су қажет бола қалса,
Бармақтан тарам-тарам су ағызар еді.
Ғұмырында ешбір жалған сөйлемеген,
Адамды бір-бірінен кем көрмеген.
Та.....
Бар дейді бір әулие Мансур деген.
Азғана шып-шып терлеуші еді,

Шыққан терде жұпардын ісі қалған.
 Пақырлық дәрежесін қылар еді,
 Шат болып мақтануды еш білмеген.
 Ісі болса бір Аллаһдан білер еді,
 Башмағын аяғына жамап киер еді.
 Сөйлесе әдеппен сөйлеп,
 Ғұмырында ешбір қатты сөйлемеді.
 Жүгініп отырады тізе бүгін,
 Адамды ғайбат қылмас ешбір сөгіп.
 Егерде бір нәрсеге көп қуанса,
 Жымыып күлер еді көзіп жұмып.
 Сөз айтып шала сөйлеп қойған емес,
 Баяндап бітіреді тамам қылып.
 Азғана пайғамбарды ауызға алдық.
 Тағы бірлен қадірі хал... салдық.
 Бұ жамығны ахбар мен...
 Тәржәма оқып көріп қабарландық.
 Тағыда пайғамбарның хикаяты,
 Кеткен соң еске түсіп жазып алдық.
 Көрсеткен көп халыққа муғжизаны,
 Хак Расул.....
 Патша боп тұрғанында хак Расул,
 Бар екен бір сахаба Жаббар[818] атты.

Дін тағылымы (бірінігі нұсқа)

Қауләһу Тағала *و لا تحسبن الذين*

«уа лә тәхсәбәннә әлләзинә»

Мағынасы: «Өлі деп ойлама» Меккеде түскен. Әли – гимран сүресі. 169-аят. ойламаңдар сол адамдарды шын ниетпен құтылу фи сәбиллillah[819] өлтірілінді Құдай жолында.

«әмуәтән» оларды өлік деп ойламаңдар «бәл әхиәун гиндә раббиним».

بل احياء عند ربهم

Мағынасы: «Әрине, Олар тірі» Меккеде түскен. Әли – гимран сүресі. 169аяттың жалғасы.

Бәки олар тірілер дүр өзін жаратқан Құдайының қасында, жақын маңында «иәрзиқун» рызықланурлар бейіште... бірлен фәрихн[820] шаттықта масайрап жүрушілер. *بما ءاتهم الله*

«би мә әтиәһумуллаһ».

Мағынасы: «Алланың кеңшілігімен өздеріне берген нәрселеріне мәз мейрам болады». Меккеде түскен. Әли – гимран сүресі. 170-аят.

Құдайдың өздеріне әрне берген сый-сыйапаты мен «мин фәдли-һи[821]» Аллах Тәбарак уа Тағала өз фәдлі уа кәрәмі мен олардан Құдай ырза болды. Сол Құдайдың өздерінен ырза болғандығымен Олар тойулы. Камарадин хазіреттен естіген сөз. Құдай Тәбарак уа Тағаланың жаратуы көктің астында, жердің үстінде баз бір адам болады, оның шарапаты өз басына жеке тисе аспанға ұшып кетер еді. Баз бір адам болады, оның кесапаты кесірі өз басына жеке тисе жер жұтып жіберер еді. Алдыңғы жанның шарапаты мұны жерге жұтқызбайды. Мұның кесапаты оны көкке жібермейді. Міне Құдайдың шеберлігі бұ дүниенің ісін бірін-біріне байлаулы қылып жаратқан. Солай болғандығы үшін жалған дүниенің жүзінде шарапатты жан бар деп білу керек.

Дін тарихы (бірінші нұсқа)

Әбу Зар радиаллаһу ғәнһу[822] маллар мұсылмандардың муш-тарик хақтары алып бұны жиып асрарға ешкімнің хақы жоқ дей сөйлемекте әууәлдығындан Шам уәлисі Мағауия ибн әбу Суфиян[823] ражасны көре Мәдинеге сұралды. Хазірет Ғұсман Мәдинеге келдігінде байларның мал жимақтары тиіссіз іс едігні хазірет Ғұсманға сөйледі. Бұң қарсы хазірет Ғұсман мал жиып тұрмағандық әлбетте жақсы дүр. Ләкин ибн зәһидлік тұғырысында адамларға тәклиф етмей шәкім демес дүр. Әбу Зар ойла... ибн мәдинеде тұрмаймындей Рабиз есімді орынға һижрат[824] уахлақтан ғазләт етмес дүр. Хазірет Мағауия «әлмәл мәлаллаһ» – деген. Хазірет Әбу Зар «әлмәл мәл әлмуслим»[825] – деген.

Әбу Зар радиаллаһу ғәнһунің хазірет Ғұсман радиаллаһу ғәнһуға берген жауабы. Мустахиқ[826] орындарға әнфәқ[827] етмес, байлардан риза дегіл... әгләм қыл деген. Хазірет Ғұсман хұзырында Кағб әләхбар парыздарны әда қылғансоң мұсылман адам өзінің боришны тамам етмес улә дүр, сондан артық иле тәклиф[828] етерге

имкән жоқ дегенде. Әбу Зар қолында улән кекрі таяғы иле Кәғбның басына қондырып қанатмас. Уа әй, Яһуд баласы тек тұр сенің бұнда қатысың болмасын демес дүр. Хазірет Әбу Зар иесі мәликні аңқар (иңқар) етмес ләкин[829] малдарны фуқараға әнфәқ етмек уәжиб[830] дүр. Үшбу нақтда Әбу Зар мәзһабі иштәрәкиун кейін басқадан айырылер байларға әнфәқ уәжиб болмағындан иесі хукумәт күші иле фәқирлерге таратмақ ләзим[831] болмас. Халас Әбу Зар «уал ләзинә иәкнәзун әззәһәб»

Мағынасы: «Алтынды қазынада сақтайтындар».

Атындан оз мүліктерінде улән байлықтарды орындарына пақырларға сарф[832] етерге тиісті дей, аңламас уа сөйлемес атың зәһир әлбетте Әбу Зар дегенше дүр. Бұрынғы уақытта иштәрәкиун мәзһабі әууәлдан бар бір мәзһаб болған. Бұл күнде оның орнына комунистер орнады.

Дін тарихы (екінші нұсқа)

Бұрынғының сөзі бар ғой: «Айтпа сырың достыңа, сабан тығар пұстыңа» деген. Өзі имам Сираж Әддин Әссәкаки атанған соң сөзі өнері мұнанда коп шығар. Сакрат хақимнің ойынан алынғандығы үшін бір әңгімесін жаза салдық.

Ислам ғәламінде Юсуф Сәкәкидей мәғруф бір ғалим бар. Әбу иәғқуб Юсуф сираж әддин ибн Әбу Бәкір ибн Мухаммад мәуләнә Юсуф Сәкәки... ұзын құлақтан естімен осы кісінің зияраты құлжа... бұл күнде басқа бәин аталас керек. Бүтін бүтінлері күш уа қууат көңілдері от, көзлерін нұрулән әй жастар не үшін бүтін һәм мәтларынды қағазларда жазылмас уа басылмас нәрселерні оқырға ғана ғажайыпларны корерге уа оларны оқырға рағбат етмейсіз. Ғылым тахсил[833] қылу үшін саяхат қылмақ. Құран кәрімден басқа кітаптарның әрбіріні оқуданда берекетлірақ дүр. Мағриф кәсіп етмек жолында бір сен саяхат қылмақ. Қалам уа дәптерлер һәмде кітап уа қағазлар ортасына кіріп жиырмасына микдары отырмақтан пайдалырақ дүр.

Хаж фарыз болмақта да бір себеп, шаһарларны көріп қабила-ларны[834] зиярат[835] қылып зиһн уа басиратны[836] артырмақ дүр. Аллаһ Тағаланың үшбу кең дүниесінде жүрінте хақикат кәсіп етпес адамдарға шын мағынасы иле ғалим дей алмас. Шарттарыны жеріне кетіріп етілген саяхаттары себебінден үмметтернің ғадатлары әхләк

уа саясатлары ғайыплары уа кәмәләтлары иле асна боларға мүмкін. Саналар иле кітаптар уа мәтбуғат мутәлиғ қылыпты. Тахсил етерге муафиқ[837] болмас пайдаларны игтибар[838] иле жүруші сиэх азғана заманда тахсил етуге тәжриб қылмас дүр.

Шейх Сағди

Әдәб уа хикмет ұстазы фәсахат уа балағат патшасы улән бұ затның есімі Муслих Әддин оліп атасы Ғабдуллаһ есімінде еді. Иран мемлекетінде, Шираз шаһарында 589-1193 тарихында дүниеге келмес дүр. Атабкен парсыдан Сағид ибн зәңгі заманында дүниеге келгеніден бұң несбет иле атасы тарапындан Сағди дей мухлис қойылмас уа соның иле шаһрат болма дүр.

Иран шағирларының[839] биіктеріпден уа ғасранда улән сопыларның хақимларындан[840] улән бұ зат ислам ғаламында мәшһур ғалимдардан уа ихтирам[841] иле зікір етмекте улан шейхлардан дүр. Шағир (шиғр) хусусында фердәуси иле өнерден басқа Иран мемлекетінде назирі бұрылмас уа насирде де әмсәлі болмас дүр. Хош табиғатлы, хош сұхбатлы ғайат зерек уа хатерлі тәклифсіз[842] уа мутауадиғ жеңіл рухты бір зат өліп ләтиф[843] сөйлерге жаратар уа әдебі... сол себептен әр уақыт биік заттар мәжілісінде отыр еді. 656 тарихында жазмас улән... шейх Саһәб Әддин саһурді иле Ғабдул Қадир хазіреттерінен тәсәууф[844] ғылымы тахсил етмесде... лық уақыты хисабға кірмедігі халде ғұмырының 30 сәнәснә тахсилде, 30 сәнәснә ғәскәрлік саяхатта, 30 сәнәснә[845] ғазләтте уа гибадатта[845]... он төрт дафғ[846] хаж сапарына уа Мәдинеде Расул әкрәм мәсжидне[847] зиәрат етмес дүр. Ғұмырының көбірек қисмы Ғирақ уа Шамда кешті. Жиһәд[848] уа саяхат қасды иле Мысыр уа Рум, Хурасан уа һинд... әһһәр[849] уа Кәшгар уаләиәтларны қыдырды.

Ғылым-дін тарихы

Бұл зат шарифнің бір саяхаты. Өзі ішуден, жеуден, ұйықтаудан қалып, рухани қуат пен жаһан кезіп жүргенде жүрісінде адам бармаған жерге барыпты, адам көрмеген ғажайыптарын көріпті. Бір таулы-тасты жерде бір шаһарға барса, шаһар өте биік, о шеті мен

бұ шеті көз жеткісіз іші қыбырлаған жанмен толық. Қимылдаған жанның көп әрекеті ағаштан бұт-бұрхан жасаумен шұғылданған, онан басқа кәсін жоқ және ол шаһарда адам жейтұғын тамақтан бір түйір дәнеме жоқ, қайран асыр қалып бір түн түнепті, ешкіммен тіл қатыспапты.

Ертең таң атысымен бұл шаһарға көптігімен жер дүние жүзін толтырып, тозаң шаңмен күннің көзін тұтылдырып бір көп керуен келінті. Артқан, тартқан – ауызды адамның жейтін қорегі. Түгел көліктері түйе, шаһар халқы мәз-мәйрәм болысып, қуанып бұл керуеннің барлық жүгін көтерін шаһар халқы алыпты да, бұл шаһардың ұшы қиыры жоқ ағаштан жасаған бұт-бұрқанын керуен алып апық-сапық кездің арасында жұмысын бітірін, керуен қайта бастапты.

Бұл кісі ойлапты: мынаны апарып шоқынатұғын кәпірдің жұрты нендей көп жұрт екен. Жан-жанымыз біреуден алысқанда күллі дүниедегі жәннан да артылып қалар еді деп, тамаша қылып көру үшін, керуенмен бірге шығыпты. Керуен шаһардан былай шығып бір қонарлық жерге түсіп, жүктерін түсіріп, түйелерін оттату үшін қоя беріп, барлық жүкті бір араға үйіп, от жағып өртеп жіберіпті де, түйелерін жинап алып бос тізіп, бір-біріне тіркеп алып жөнеле беріпті.

Бұл шейх Сағди таң-тамаша қайран қалып керуеннің біреуін шап беріп ұстай алғанда, «сен кімсің өзін», – депті. Бұл кісі мен адамзатпын депті. «Өздерің кімсің» деп бұл кісі сұрағанда, «біз періште боламыз», – депті. «Бұл істеп жүргендерің не», – деп мәнжайын сұрапты. Сонда ол періште айтыпты, «өзін бүгін қайдан шықтың», – депті. Сендер жүк алып шыққан шаһардан шықтым депті. Өл шаһардың не жан екендігін білдің бе депті. Жоқ дәнненесін білгем жоқ, құр көргенім болмаса деген соң. Ендеше Олар кәпір пері жері еді. Құдай сөзі Құранды оқымадың. *وما خلقت الجن و الانس الا ليعبدون* «уа мә хәләқту әл жиннә уал-инсә иллә ли иғбүдун».

Мағынасы: «Жын мен адамзатты өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым». Меккеде түскен. Зәрат сүресі. 56-аят.

Құдай Тәбарак уа Тағала айтты ғой мен жынды, инсанды[850] жаратбадым мәкгер, құлшылық қылу үшін жараттым деп. Осы екі түрліден бөлек құлшылыққа арнап жаратқан жоқ. Сонда бұл жындардың мүмин мұсылман болған жын деп аталады, кәпір болған шайтан деп аталады.

Құдай Тәбарак уа Тағала жаратқан мақұлықатының рыздығын өзі рыздық бермекші емес, мехнатпен тауып жеуге бұйырылған. Рахат үшін жаратқан еш нәрсе жоқ, жаратылғанның бәрін мехнат үшін жаратқан. Қарасаң Құдайдың жіберілген дүние толған періште, әр қайсысы бір істі міне біздер осы кәпір перілерге рыздық жеткізіп тұру үшін жаратқан жоқ, осы ағаштан жонған бұт бұрқандымызды керек қылып алушы жұрт бар деп қыбырлаған жан өмір бойы ағаштан бұт-бұрқан жасап ниеттенін жатыр.

Біз бұларға рыздықты қайдан алып келеміз, дүниенің шетіне түгел жүріп зекетсіздің малынан бір екісін аламыз. Өтірік айтып, жұртты жеп, сауда қылған саудагерлердің саудасының бір-екісін аламыз. Жалған сөйлеп, жан қинап, өз бетімен байымақшы болып жүрген қулардың кір кәсібінің бір-екісін аламыз. Кісіге бермей, тығып қойын тамақ көбейтем деген қатын қулардың ішдің ішіне жасырған құрт майының бір-екісін аламыз. Бір кедей ат сұраса, бізде мінерлік қалған жоқ дейтұғын, қарызға ақша сұраса, бар бола тұрып, бұйырмасын дейтұғын бай, қулардың малының бір-екісін аламыз. Соның бәрін жинастырып артынып тартынып перілерге береміз.

Міне, Құдайдың жіберілген қара көзіңмен көрдің нан бұған, жердің үстінде, көктің астында қыбырлаған адамзат не нәрсені молайтса да, Құдай молайтады. Азайтса, Құдай азайтады мен жұмысы жоқ, өз бетімен қолмен жасап алмақшы болып, олар бейнетте жатыр. Осы ағашты жонбасақ, аштан олін қалармыз деп бұлар бейнетте жатыр. Ішпейміз, жемейміз, жазған жазығымыз жоқ-ақ шығар дейміз. Екі ортада біреудегін ап келіп біреуге беріп, мұның еңбекпен қылған жұмысын текке өртеп жіберіп біз бейнетте жүрміз.

Адамзаттікі күнәға шомылғы болсын, бұлардікі кәпірлік болсын, біздікін не деп ойласын. Міне Құдай Тәбарак уа Тағала ешкімді рахат үшін жаратпағанын мұнан ойлап білу керек дегенде, бұл шейх Сағди хазіретіміз арманда болған екен. Дүние кезбектің мұндай артықшылығы бар екен. Адам көрмегенді көріп, адам сезбегенді сезеді екен. Әй, бәрекелді, жастықтағы шарифат, тариқат[851] жолында откізген ғұмырым далаға кеткен бір ғұмыр екен! – деп. Хош мұны кітаптан көрдік, бұрынғылар кітаптан корген емес, біреуден естіген емес, өз табиғатының білуімен айтқан сөзі. Міне

бұған дәлме-дәл сап ете түсті. Сурат әлхәшәрде «уал ләзинә жәу мин бәғдуһум» – деп табиғин[852] табғ табиғинларны айтқан.

Мағынасы: «Олардың араларынан келгендер».

Мұнан мәғлум болды төрт жерде сахабаларды қандай досты тұтса табиғин табғ табиғинларны һәм сондай досты көру керек. Олай болса... бала соғысын оқығанда ауызға ие болуы керек, не қылса тақдир иләһи[853]. Олардың не қылып, на қойғандығында не ақың бар.

Намазбен құрбан шалу мәні туралы

و لا تعط الحكمة لغير أهلها

«уа лә туғтул хикматы лиғаири әһлиһә» – демеппе еді.

Мағынасы: «Өз үйіңнен бөтендерге хикметтеріңді берме».

Хикметіне әһлі болмағанларға хор қылма дегені қайда. Жап ағызынды жапың деді. «و انهم ليسدونهم عن سبيل ويحبون انهم مهتدون»

«уа иннәһум ли иәсдунаһум ғән сәбили уа юхибунә иннаһум муһтадун»

Мағынасы: Олар Аллаһ жолынан тайдыру үшін мұсылмандарды айнытады және олардың тура жолда жүргендерін жақсы көреді.

Ол ләғин шайтандар Құдай жолына жібермеске әбден ерікті болғандар. Өзін біреу билеп үйірін қамап алғанын білмей жәһилдер уа ғафилләр[854] түзу жолда жүрген өзіміз ғой бізден басқанын бәрі де адасуда ғой» – деп ойлайды. Міне жігіттер жандалмен шын көңілмен біз сөйлейік.

Сіздерде жан құлағыңызды салып, шын ықыласыңызбен ұғып алыңыздар. Құдайға қылған құлшылықты танып қылыңыздар. Намаз оқымақ Аллаһқа (Аллаһқа) ғард[855] айтпақ, имам сайламақ. Өз аузымен жеткізе алмасбыз деп біреуді дүбірнай қылып переводчик қылмақ. Пендемен қожасының арасына молда деген жүйрік тілмаш. Ол переводчик не кылып, не айтып тұрғанын өзі білмей тұрса халықтың сөзін қалай жеткізе алады. Білсе имам болуы керек, білмесе имамлығы дұрыс та болмайды. Кім-кімге болсын намазды білуі керек.

Намаз деген сөздің мағынасы не? Ол өзі не орынға тұратұғын жұмыс. Молдалардан сұрасақ намаз араб тілінде «صلاة» «салатун»[856]

дейді. «صلوة» Салауат луғатта дуға. «иә тәхрику саләуин»[857] – дейді. Екі жеңді қозғалтпақ дейді. Дұға болғанда қыблаға қарап қол жайып отыра берсек онымен де болса керек. Иә, болмаса, екі жеңді дамылсыз қозғай берсек, мұныменде болса керек. Жоқ бұл екеуімен намаз болмайды. Намаз не менен намаз болады? Тіл өз қызметін орнына келтіріп, сәнә уа тасбих қирааттарды айтып. Он екі мүше басқа жұмысқа бұрылмай фәрз, уажиб, сүннәт, мустахабті орнына келтіріп. Көңіл о да қарап, бос тұрмай Құдай Тәбарак уа Тағаланың Ұлы зор патша екендігін. Өзінің оған пенде екендігін, бұл тұрмысы сол Құдайға ғард айтуы үшін тұрғандығын وهو معكم اينما كنتم

«уа һууә мәғәкум әйнәмә кунтум».

Мағынасы: «Ол Алла Тағала бізбен бірге қайда болсақ та». Меккеде түскен. Хыжыр сүресі. 4-аят.

«و نحن اقرب اليه من حبل الوريد».

«уа нәхну әкрәб иләһи мин хәбл әлуәрид».

Мағынасы: «Біз оған күре тамырынан жақынбыз». Меккеде түскен. Қаф сүресі. 16-аят.

Осы аятқа түсіндірме: «Аллаһ Тағала барлық адамзатты жалғыз өзі ғана жаратқанын хабарлайды. Адамдармен не болып жатқаны Аллаһқа мәлім. Олардың не ойлап, бір-бірінен не жасырып жүргенін де біледі. Ойткені Аллаһ адамдарға күре тамырынан жақын. Сондықтан адам әрдайым Аллаһ көріп тұр деп күнә істерден аулақ жүру керек. Сол кезде ғана адам құдайдан ұялып, Аллаһ тыйым салған жаман істер жасамайды».

يحبهم و يحبونه

«юхибуһум уаюхибунәһум».

Мағынасы: «Алла оларды жақсы көреді және Олар да Аллаһты жақсы көреді». Мединеде түскен. Мәида сүресі. 54-аят.

«فانكروني انكركم».

«фәзкуруни әзкурукум».

Мағынасы: «Мені еске алыңдар, мен де сендерді еске аламын». Мединеде түскен. Бақара сүресі. 152-аят.

«انه علم بذات الصدور».

«иннәһу ғәлиму би зәти судур».

Мағынасы: «Расында Ол, көкіректегілерді толық білуші». Меккеде түскен. Һұд сүресі. 5-аят.

Осыларды муләхәзә[858] қылып, жадынан шығармай ойлап тұрса. Намаз сонда намаз болады. «ان الله يامر بالعدل و الاحسان».

«иннә аллаһу иәмуру бил ғадл уа ихсан».

*Мағынасы: «Расында Аллаһ әділетті, игілікті бұйырады»
Меккеде түскен. Нахыл сүресі. 90-аят.*

Аллаһ Тәбарак уа Тағала ғәдл менен ихсан менен әмір қылғандығы бұл аят кәрімнен мағлум[859] болып тұр. Ихсан не нәрсе? *الاحسان ان تعبد الله كأنك تراه فانہ یراک*

Әл ихсан иннә тәғбудуллаһ кәиннәк тәрәһ фә инләм тәкун тәрәһ фә иннәһу иәрәк.

Мағынасы: Жақсылық ол Аллаһқа құлшылық жасағанда, сен оны көріп тұрғандай етіп құлшылық жаса. Егер көрмесең, Ол (Аллаһ) сені көріп тұрғандай етіп құлшылық жаса.

Ихсан сол ғибадат қылмағың Аллаһ Тәбарак уа Тағалаға. Көз алдында көрініп тұрған патшаға иіліп тағзым қылған секілді, сен көрмесең де Аллаһ Тәбарак уа Тағала сені хәдир уа нәзир көріп тұрады дүр. Олай болса, сен һәм көріп тұрған іспетті аса қорқынышпен қай жерімнен мені табады дегендей қылқылдап, қымсынып құлдығынды орнына келтір. Сол намазда тұрғанда Құдай Тәбарак уа Тағаланың күдіретін мен де көріп тұрмын. Мені күдірет те көріп тұр деп ойыңда болуы керек. Көңілінде бұл қиял болмаса, намазың Құдайға қылған құлшылық емес. Қарғаның екі қарап, бір шоқығаны сықылды нәрсе. Хадис шариф «*لا صلاة الا بحضور القلب*».

«лә саләт иллә би худурил қалб» – дейді.

Мағынасы: «Шын жүрекпен оқылмаған намаз, намаз болмайды, алдау бөлады» дейді.

Намаз намаз болмайды, мәкр болады қалбнің хушуғ уа худуғ худурымен[860] дейді. Біреудің есігі ашық қалса, ішінде адамзат жоқ болса. Ол үйге ит қалай кіремін десе, кіруге ерікті. Көңіл деген – үй сықылды нәрсе. Оның ішіне кіретұғын иесі жаратқышы[жаратушысы] Құдай уа һәм Құдайдың фикр, зикрі[861]. Құдайдың фикр, зикрі болмаған көңілге шайтан ғәлейһил ләғин[862] қалай кіремін десе кіруге ерікті. Шайтан ұялаған көңілдің иесі болған кісінің, намазды оқығаны не, оқымағаны не. Сол үшін құлақ қағып намазға кірісе бастаса, қайда[ғы] бір ұмытқан нәрсесі есіне түседі. Көңіл өз жұмысымен алданып тұрса, бөтен жаққа бұрылуға қолы тиіп, мұршасы келе алмайды. Намазда тұрғанда көңілдің жұмысы төменде айтылған сөздер болуы керек. Намазда құлақ қағып «Аллаһу акбар» демегің. Әй, бір Құдай сенің жолыңда, міне,

мен өзiмдi құрбан қылдым дегенiң. Мал бауыздағанда: «Бисмиллаһи аллаһу акбар»[863] бұйырылды.

Намазға кiрiскенде: «Бисмиллаһи мен аллаһу акбар» бұйырылды. Бауыздалған малдың жаны жалған дүниемен амандасқандай. Намаз оқушы, олар қашан намаздан босағанша жалған дүниемен амандасты. Солай болған үшiн шәһар жар кәрәмнiң бiрден соңғы афдал хазiрет Ғумар радиаллаһу ғәнһу намазда тұрғанда өзiн бiреу қылышпен шапса да қол сермемедi. Не үшiн? Өзiн өлген кiсi есебiнде көрiп тұрғандықтан. Хазiрет Әли кәрәмаллаһу уажһуһум һәм сол хиялда болып, намазын бұзбады. Болмаса бiр құлды солар қолымен қойып қалса, жайратпай ма. Хазiретiмiз Мұхаммад Мұстафа ғәлейһи сәләмнiң «*موتوا قبل ان تموتوا*».

«мәуту қаблә ән тәмуту» – дегенi.

«Өлмес бұрын өлiнiз» дегенi. Ажалдан бұрын өлiп қал дегенi емес. Намазға кiрiскенде өзiңдi өлiк есебiнде қылып тұр дегенi.

Құрбан[864] мағынасы: Аллаһ Тағалаға жақындық қылуы. Сол үшiн ғайд[865] күндерiнде шалынған мал құрбан атанды. Намаз һәм құрбан не үшiн десеңiз. Мұны һәм Құдайға жақындықты кәсiп үшiн қылып тұрған жұмысы.

Тәкбир тәхримнiң[866] мағынасы: Сол әууәлғы тәкбир намаз оқығышны (оқушының) сөзден, фиғлдан мәниғ[867] ойлағанлығы үшiн. Дунәуи уа нәфсәни[868] фиғлдарнi намаз оқушыға харам қылғандығы үшiн тәкбир тахрим делiнген. Бұл бәғисден әннә хазiретмiз саллаллаһу тағала ғәлейһи уас сәләм:

«*التحرمة الاولى خير من الدنيا وما فيها*».

«әттәхримәт әлулә хәйр мин әддуниә уа мә фиһә»[869] – бұйырды. Болмаса «мә сәуә»нi[870] нәфи[871] қылмаған, көңiлiн бұл ниетке байламағандардың тәхримсi бұл мәртебеде емес. Мал бауыздаушы «Бисмиллаһ аллаһу әкбар» деуменен малды өлтiрген сықылды. Намаз оқығыш[оқыушы] һәм бұл тәкбир тәхримнiң Аллаһу акбар менен нәпсiсiн өлтiрдi. Пенде мүминнiң жаны Ибраһим Халиуллаһ[872] дәрежесiн тауып. Өзiнiң ойлап орнын тауып тұрған денесiн, хазрет Исмағил[873] iспеттi қылып. Аяқ-қолын жiнсiз байлап құрбандыққа шалды. Дене жанның бұл тарик құрбан қылуы менен шәһуәттардан[874], харистардан құтылып мәрдәрлықтан халас болды. «Бисмиллаһи рахмани рахим» – деп һәм тәкбир тахримнiң

«Аллаһу акбар» такбирін орнына келтірумен халал бауыздалған малдай болды. Мұнан мәғлум болды намаз оқымаған адам арам өлген мал есебінде екендігі. Намаз оқып, намаздың шарт шариғатын орынға келтірушінің орындаған сүйкімділігі, құрбандық шалынған малдың етінің сүйкімділігі секілді болған.

Қол қусырып, қыблаға қарап Құдайға жылап тұрғанның қиямет күнінде Құдай Тәбарак уа Тағаланың хузурында тұрған күнім ғой деп. Ойлап тұру керек хисаб... мінәжәт айта келгенім осы ғой деп ойлауы керек. Бұл күнде мұнайып мүләймағаныңмен, ол күнде мұнайып мүләйіп Құдай алдында тұруың айдан жарық, күннен руш. Қиямет күнінде Құдай алдында қандай тұрсаң, намазда да сондай тұр.

يوم يدعوكم فتستجيبون بحمده

«иумә иэдғукум фәтәстажибунә би хамдиһи».

Мағынасы: «Сендерді шақырған күні, оны дәріптей қабылдап».

Меккеде түскен. Исра сүресі. 52-аят.

Қиямет күні болғанда امنابه و صدقنا

«әмәннә биһи уа садақнә».

Мағынасы: «Оған сендік және шындықты айттық».

Құдай Тәбарак уа Тағала فاذا هم جميع لدينا محضرون

«фә изә һум жәмиғун ләдәинә мухдәрун»[875] жарлығы орнына келтірілгенде. Жатқан орнынан ұшып түрегеліп топырақтан басын сілкілеп سبحانك اللهم و بحمدك

«Субханәкә аллаһуммә уа бихамдикә»[876] – деп айта түрегелмек. Ахирет (ақирет) күніне инанып Құдай алдын көру есідертінде хадир тұрғандар. Солай болатұғындығы үшін намазда құлақ қағысымен айтушыға бұйырылған. Әркім намазда құлақ қаққанда таңла махшарда Құдай алдында айтуы ниетінде дап даяр тұрсын. Сонда тілің Құран қирағат[877] оқып, денең намаздан басқаға бұрылмай тұрғанда көңліңмен Құдайдың алдында тұрмын деп. Құдай Тәбарак уа Тағала маған мына сөздерді айтып тұр-ау деген пікірде болуың керек «قوله تعالى ولقد جنّمونا فرادى كما خلقناكم اول مرة»

«қаулиһи тағалә уа ләқад житумунә фирәди кәмә халәқнәкум әууәл мәррат».

Мағынасы: «Расында, алғаш рет жаратқанымыздай бізге жалғыз-жалғыз келдіңдер». Меккеде түскен. Әнғам сүресі. 94-аят.

Құдай Тәбарак уа Тағала сол күнде: «Әй, пенделерім, дүниеде саған сондай кеңшілік бердім. Маған сен не келтірдің», – деп. Фулән[878] жасқа жеткенше бір күн ғұмырыңды не қызметте өткіздің? Фулән демалыс бердім, ол демалысты не қызметпен тауыстың? Ғақыл бердім, қандай орынға жұмсадың? Ғылым бердім, оның күшімен не жұмыс қылдың? Мал бердім, оны қалай аударып, төңкердің? Гауһар тастай көз бердім, саңғырлап тұрған құлақ бердім. Қалай жұмсасаң, икеміне көнетұғын қол бердім. Қолыңды ойлаған жеріңе жеткізуге тіл бердім. Ойлаған жеріңе баруына аяқ бердім.

Өзімде бар болған сипаттардың әрқайсысынан саған бердім. Хаиәт[879], ғылым, құдірет һәм басар[880], сәмиғ[881], ирада[882], кәләм[883], тәкуин[884] дүр. Дүниені бір базар қылып, осынша сумамен жіберген маған не базарлық алып келдің? Бірі шот, бірі күрек орнында қол-аяқ беріп егін салындар деп жібердім. Қандай жерге егін салдындар? Қанша еңбек алдындар деген уақытта не жауап айтамыз деп ойлауың күштісінен иіліп тізе басса керек. Бұл тізе басып рукуғ[885] қылмақтың артықшылығы сол – жетінс екі милләт[886] бар бізбен жетііс үш. Соның бәрі Құдайға құлшылық қылады, әркім өзінің ұстаған дінімен. Біз Құдайға қол қусырсақ, оларда һәм бар Құдайға қол қусыратын құлшылық. Біз жерге бас қойсақ, оларда да бар бас қойып құлшылық қылатұғын. Жалғыз-ақ жоқта біздің дін мубиннан басқа діндерде тізе басып иіліп тұратұғын жоқ. Соның үшін Құдай Тәбарак уа Тағала *واركعوا مع الراكعين*

«уарқағу мәғәр ракиғин».

Мағынасы: «Рукуғ етушілермен бірге болындар (рукуғ етіңдер)».
Бақара сүресі. Мединеде түскен. 43-аят.

Бұ иілмектің мәнісі міне Құдайым не жүгің болса үйіп қоя бер, тостым арқамды. Сенің құлдығыңда арқам соқпақ, басым омақ болсын деп иілгенге келеді екен. Жалғанда дүниені қаптаған пәлеге кедергі болуға жарайтын, үш түрлі жұмыстың бірі рукуғ екен. Құдай Тәбарак уа Тағала өзі айтқан екен. Хадис құдси[887]:

«لولا العباد ركع و لو لا البصی رضع و لو لا البهائم رتع لصبت البلاء صبًا»

«ләу лә әлғибәд рәкәғун уа ләу лә әлбәси рәдәғун уа ләу лә әлбиһәим рәтәғун ләсуббәт ғәләикум әлбәлә суббун».

Мағынасы: «Құлоар рукуғ жасап жатса да, сәби емишек еміп жатса да, малдар бағылып жатса да, сендерді сынаймын».

Егер рукуғда тұрған пенделерім болмағанда, хайуандардың аузы шөп жеп оттамағанда, аузы емшекте тұрған сәбилер болмағанда, пәлені сау еткізін құйып жіберер едім деген екен. Рукуғының қасиеті бек зор екен. Хайр мақсудымызға келейік. Пенде мүмин тізе басып рукуғда тұрғанда, Аллаһ Тағаладан «Көтер басыңды пенделерім» деген жарлық барлығынан имам хабардар болып. *سمع الله لمن حمده*
«сәмиғ аллаһу лимән хамидә».

Мағынасы: «Аллаһ Тағала Өзіне мақтау-мадақ айтушыны естиді».

Яғни Аллаһ Тағала құлының мадақтауларын қабыл алар демегі. Басты жоғары көтереді екен намаз оқушылар, немесе имамға ұйып намаз оқушы жамағат *ربنا لك الحمد*

«раббанә ләкәл хамд» дейді екен.

Мағынасы: Иә, Раббым саған сансыз мақтау-мадақтар болсын.

Әй, біздің пәруардігеріміз «ғәлә кулли хәл хамд» сенің үшін дүр деп түрегелер екен. Аллаһ Тағаланың сұртағаттап уа мағнән ләтиф[888] бисәуәбні еш кімнің тақты уа құдретті болмағынан қылған ісі хәм уа ғәмәлні тәмәм болғандықтан ғитәб[889] уа хисабтан құтылып. Аллаһ Тағаланың рахмет уа рәфәтіне қарап болу әмиді илен құлшылық уа тәубашіліктің барып тұрған ғайаті сәждеге барып бас қояды екен. Екі сәжде[890] бір мағнада тәкрару тәкид[891] үшін Хақ тағала басың көтер пендем болсан. Әр түгінге үшін сұрайтұғын сұрауым бар дегеннен, пенде мүмин басты көтерсе де Құдай Тәбарак уа Тағаланың жарлық жүгінің ауырлығынан тұруға шамасы болмағаннан жүк түсіп шарт жүгініп отырып «әттахияту лилләһи уас-саләту уа тайбату»[892] дер екен. Сол уақытта Аллаһ Тағала не келтірдің, не түрлі қылмысың бар деп сұрайды екен.

Тән тереңде татлиғ[893] жан жараттым, биһәим қылмадым. Инсан жараттым, һәмис ойладым, тәрбиенді нәғу қылдың, першан ниетінді сені салдым мұсылмандық жеріне. Қане шүкір еткенің мыңның біріне. Тәмәм ағзаларыңды сәләм еттім. Әриғ затым білерге ғалым еттім. Соғар дем әб нығметтен тісінді қане айғыл менге қылған ісіңді. Дегенде пенде мүмин не айтарын білмей сасқанынан оң жағына жалт қарап «әссәләму ғәләйкум уа рахматуллаһ» деп. Әсхәбул иәмин[894]

аталмыш әнбиә[895], ғәзәм әулиә[896] кәрәмнің руханиәтларындан жәрдем талаб қылып. Хал тілі илен әй булиәм муләмәтта қалған күнә уа пәлекет балшығымен аяғы бұлғанған ғәси уа күнәгер русы ғарқ[897] күнә дүр. Мендегі дестігер уа шафиғ бөлекөріңіздер деп оң жағына даусын шығарып, оң қарап бас сәлем беретұғынның себебі сол екен. Ол қорқынышты күнде әнбиәлардан жауап бұләйша қайтады екен. Әй, ғәфил бейшаралар, қалай жалынсаң жалынатұғын күнің жалған. *فويل للمصلين الذين*

«фәуәлил мусәллинә әлләзинә»[898].

Б... өкініш не зор хасрет сондайын намаз оқығышлар:

الذين هم عن صلوٰتهم ساهون

«әлләзинә һум ғән сәләтиһим сәһун»[899] Таңла махшар күн бар, бізді алдына шақырушы Құдай бар. Бізді тергеп тексеретұғын мизан[900] таразы Құдай қәди бар деп нанғандықпен емес. Ол айтылғанның бәрін жоққа санап мунафиқтықпен құр намаз оқыған болғансыйды. Оңашада иә оқиды, иә оқымайды. Кісі көзінше сызылып созылып, түрін бұзып, көзін сүзіп намазшыл екен. Сопы екен, Құдайдан қорқынышы бар екен десін деп оқиды. «الذين هم يراون»

«әлләзинә һум юраун»[901]... намаз оқығышлар не қылса... қылды. Жұрт мақтап..сын деп қылған қылық бәрі... «و يملعون الماعون» «уа иәмнәғунәл мәғун»[902]. Зекеттерін мәсрәфни Құдайдың бер деген орнына бермейді.

Ғәуәмил әлмиәт

عوامل المائة
بسم الله الرحمن الرحيم
الحمد لله رب العالمين والصلاة والسلام على رسوله محمد وآله وصحبه
وبعد فان العوامل في النحو على ما لا يخفى على المتبحر في اللغة
العلمية هو ما ذكره في كتابي في النحو في اللغة العربية على ما لا يخفى
وعلى تقسيم الرقيم في لغته ومعنوية فاللغوية منها تقسم
الى سامية وقبائلية فالسامية منها احد وثلاثون
عامدة والقبائلية ثمانون فكل واحد من هذه الاعلام بصورة

Бисмиллаһир рахманир рахим әлхәмду лилләһи раббил ғәламин
уа солату уа сәләм ғәлә расулиһи муһаммад уа әлиһи уа сахбиһи
ажмағин. Уа бағд фә иннәл ғәуамилу фи наһу ғәлә мә әлләфәһу әш-
шейхул имам Ғабдул Каһир ибну Ғабдурахман Әлжурәни раһматул-
лаһи тағала ғәләйһи. Миәту ғамил, уа һиә танқасиму илә қисмәйни;

ләфзия уа мағнауия. Фә ләфзия минһә танқасиму илә қисмәйни; симағиәт уа қиәсиәт. Фә симағиәтә минһә аһад уа тисғунә ғамәлән уал қиәсиәту» Тәммәт тәмәм болды. «Уаллаһул әғләму бисәуәб.

Мағынасы: Жүз демеулік шылауды меңгеру. Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын. Бүкіл әлемнің Раббысына мақтау лайық және елшісі Мұхаммед (ғ.с.) ға, үй-ішіне және сахабаларына Аллаһтың сәлемі болсын. Араб ережелеріндегі синтаксис (наһу) туралы шейх Ғабдул Қаһир ибну Ғабдурахман Әлжуржәни (Аллаһ одан разы болсын) кітап шығарды. Жүз кішкентай бөлшек, ол екіге бөлінеді. Біріншісі ауызша, екіншісі мағыналық. Ауызшаның өзі екіге бөлінеді: симағиә (зеректік есту), екіншісі қиясия (қисынды), одан симағиә төқсан бір бөлшек бар. Бітті. Аллаһ жақсы білуші.

Яғни оны қылсаң сауабты, қылмасаң күнәлі болмайсың деген мағына иле дүр. Ғақил[903] уа бәлиғ[904] болған адамдардың фиғили[905] сегіз дүр:

1. фәрд.
2. уәжиб.
3. сүннәт.
4. мустахаб[906]
5. мубах[907]
6. харам
7. мәкруһ[908]
8. муфсид.[909]

Әр ғақил уа балиғ олан қалға үшбу жоғарыда зікір алынған шәиларны[910] білушілік ләзим[911] дүр... ер болсын керек қатын болсын парыз біліп, ғамал қылмақ парыз дүр. Уәжибні біліп ғамал қылу уәжиб. Сүннетті біліп, ғамал қылу сүннет. Мустахабті біліп, ғамал қылу мустахаб. Харамді біліп тыйылмақ парыз болар. Мәкруһ таһримні[912] біліп тыйылмақ уәжиб болар. Мәкруһ тәнзиһні[913] біліп тыйылмақ мустахаб болар. Бұ сегіз шәи шарх шарапта бар деп, иғтиқад[914] қылмақ парыз болар.

Әммә инанмаған адам кәпір болар. Фарыз ол дүр Хақ тағаланың бұйырмағы шүбәсіз дәлел иле болынар. Мәселен Құран аяты иле иә, хадис[915] иле парызды тәрқ[916] қылған жәһәннам ғазабына[917] лайық болар. Әммә ишанмаған (иланбаған) кәпір болар. Мысалы, білуші бес уақыт намаз оқыса, рамазан оразасын тұтушы, байға зекет

беру һәм хажылык кылу, жүніпликтен ғұсыл[918] кылмақ, уәжиб ол дүр Аллах Тағала бұйырмас дүр. Ләкин дәлелі шүбәлі болар уәжибті тәрк кылмақ иле кісі ғазабқа мустахиқ[919] болар. Ләкин әнкәрә[920] қылған кісі кәпір болмас. Мысалы, үтір намазы, көбі пітір садака, көбі құрбан шалу. Сүннет ол дүр пайғамбармен Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с.) ғұмырында көп мәртебе қылып, аз уақытта қойған болар. Сүннетті тәрк еткен от иле ғазабқа мустахиқ болмас, ләкин ғитәбқа[921] лайық болар. Мысалы, намаздарының сүннеттері жамағат намазын оқу мустахаб, ол дүр пайғамбарымыз Мұстафа (с.ғ.с.) ғұмырында бір кәріһ (рет) иәки екі кәруһ қылған болар. Иә бұ істе сауаб бар деп еткен болар. Мысалы, нәфіл[922] намаздары оқу, иә нәфіл садака беру мубах, ол дүр ол істі кылуда сауаб болмас, һәм қоюда күнә болмас. Мысалы ау аулау, ат шабтыру. Харам ол дүр ондан Хақ Табарак уа Тағала харам тыйған болар. Тыймағы шүбәсіз дәлел иле болынар. Оны істеген кісі жәһәннам ғазобына мустахиқ болар. Әммә харам түгел деп ишанмаған (сенбеген) кісі кәпір болар. Мысалы кісі өлтірмек, зина[923] кылмақ, хамир[924] ішпек, ұрләмақ. Мәкруһ тахрими ол дүр ондан Хақ Тағала тыйған болар, ләкин дәлел шүбәлі болар. Оны қылған кісі от иле ғазабқа мустахиқ болар. Мысалы намазда тәғдил... қою һәм екі ғайд[925] намазының тәкбірлерні[926] қою. Мәкруһ тәнзихи ол дүр оны қойған кісі сауабты болар. Әммә қылған кісі күнәлі болмас. Ләкин махшар[927] күнде шәлтеге мустахиқ болар. Мысалы намаз ішінде сәжде орнындан басқа орынға қарау. Муфсид ол дүр ол ғамалды қылу иле намаз болсын керек, ораза болсын керек, таһарат болсын керек. Басқа бір ғибадат болсын фәсад[928] болар. Яғни бұзылар әлхамду[929] сад әлуәһһәб екі жүз он бес мәселе фикһ кідәні ден қырық бірі дебежесінде мәзкур дүр.

Әғләм әннә мәзһәб әшшәфиғи рахмат мәхуз мин Ғали радиаллаһу ғәнһу. Уа мазһаб әлханафи мин Ғұмар радиаллаһу ғәнһу. Уа мәзһәбу ахмад ханбали мин Ғусман радиаллаһу ғәнһу. Уа мәзһәбу мәлики мин Әбу Бәкир радиаллаһу ғәнһу. Уа қад жәә жәмиғ әлмәзһәб мин нәби ғәләйһи салату уа сәләм шәрәит әлхусус.

Мағынасы: Расында Шәфиғи мазһабы Әлиден алынған. Әбу Ханифа мазһабы Ғұмардан алынған. Ахмад Ханбал мазһабы Ғұсманнан алынған. Мәлики мазһабы Әбу Бәкірден және барлық мазһаб пайғамбардан әлде қашан ерекше шартпен келді.

Бір мын әр күн «иә, жәмил»[930] есімін жиырма кәрәһ (рет) оқыса әр кімнің көзіне махбуб[931] көрінер дағы. «Иә, уәдуд»[932] есімін жиырма кәрәһ оқыса халалі илән араларында махаббат болмас махаббат күннен-күн[ге] зияда[933] болғай. Егер «иә, қауиу»[934] есімін жүз кәрәһ (рет) оқыса дұшпандары һәләк[935] болар. Егер «иә, рахим»[936] есімін жүз кәрәһ оқыса дұшпандары дос болғай. «Иә, қуддус»[937] есімін жүз кәрәһ оқыса дұшпандары әнуәғ марад[938] илән мубтәлә[939] болар. «Иә, қанһар»[940] есімін жүз кәрәһ оқыса дұшпандары мақһуур[941] болар. «Иә, қабид»[942] есімін жүз кәрәһ оқыса дұшпандары қор болар. «Иә, бәриу»[943] есімін «иә, мусәууир»[944] есімін жүз кәрәһ оқыса дұшпандары дос болар. «Иә, мүһәймин»[945] есімін оқыса дұшпандарына және ға... «Иә, мумин»[946] есімін, «иә жәббәр»[947] есімді оқыса әр мұраты хәсил болғай бизнилләһи тағала[948].

иллэ һууэ уал мөләикәтуһу уа улу әлғалиму қаймән билқаст лә иләһә иллә һууэ әлғазиз әлһаким. Иннә динә ғиндаллаһил исләм»[951].

Мағынасы: «Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Әр нәрсені білуші. Расында Аллаһтың алдындағы дін, ол – ислам.

Мұның соңында уарад оқыр, урада үшбу дүр: «Аллаһуммә ғәнни ғәлә тиләуәти зикрикә уа шукрикә уа хусни ғибәдәтикә Лә тәжғәл минәл кафилин ғән зикрикә иә мәуләнә субханәкә иә мағбуд субханаллаһ субхана мән тәләффәлә бәрзәк әлғибәәд фәрдән фәрдән уа лә янсә аһад әбәдән қаймән әлһамду лилләһи әлһамду лилләһил ләзи һәдәнә лилиман уа фәддғәлә динәнә ғәлә сәирил әдиән ассалату уас сәләму ғәлә сафуати әнбия Аллаһу акбар, Аллаһу акбар би ғадади хасанат уа фәдаили әби бәкри уа ғұмара уа ғусмәнә уа ғалия әлһадар афдалу әззикрә лә иләһә иллә аллаһ муһаммад расулаллаһ лә иләһә иллә аллаһ сахибул уахид әнәттә әл фәрду әннәтә лә бидәяту әләзәлията әлқудсия ләисә ләһу дидду уа лә шубһә уа лә шәрикә ләһу. Ләһул мулку уа ләһул хамду биядиһил хайра уал әмру зулжғәләли уал жамали уал камали уа һууә ғәлә кулли шәиин қадир яумә лә янфәғу мәәл уа лә бунун иллә мән әтәә Аллаһу би қалби сәләм бәғдәһу иләһи әмин».

Мағынасы: «Аллаһым құран оқумен, шүкірлік қылумен, ғибадатпен мені байыт. Сені еске алумен бізді құр қылма. Иә, Аллаһқа барлық мақтау, барлық құлшылық саған. Бізді тура жолға салған Аллаһқа мақтау. Ислам днін басқа діндерден абзал қылған Аллаһқа мақтау. Жақсылықтармен Аллаһ ұлы және құрметті халифалар: Әбу Бәкір, Ғұмар, Ғұсман және Әли. Аллаһтан басқа тәңір жоқ және Мұхаммед Аллаһтың құлы және елшісі. Бүкіл жақсылық тек Аллаһтан ғана. Ұлылықтың иесі, барлық нәрсені білуші. Балалар мен байлықтың пайда бермейтін күннің иесі. Әмин». деп дұға қылар.

Аллаһуммә тақаббәл миннә соләтәнә уа сиямәнә уа қиямәнә уа кирәәтәнә уа рукуғәнә уа сужудәнә уа куғудәнә уа тасбиһинә уа тәһлилинә тәхәшәғнә уа тадарағнә Аллаһуммә таммим тақсиринә уа тақаббал тәмәмәнә уастәжиб дұғәнә уа ағфир әһяинә уархам мәутәнә иә мәуләнә. Аллаһуммә аһфизна иә фәйад мин жамиғ әлбәләя уал амрад. Аллаһуммә тақаббал миннә һазиһи солатәл фәрд мәғә суннәти мәғә жамиғ нұқсанәтиһә бифәдликә уа карамикә уа лә тадриб биһә ужуһәнә иә иләһ әлғәләмин уа иә хайран әннасирин

тауафнә муслимин уа әлхикнә биссалихин уа соллаллаһу ғәлә хайри халқиһи мухаммад уа әлиһи уа асхабиһи ажмағин уалхамду садри билғәламин бирахматикә иә әрхамар рахимин.

Мағынасы: Аллаһым, біздің намаздарымызды, оразаларымызды, құлшылықтарымызды, оқуларымызды, рукуғтарымызды, сәжделерімізді, отыруларымызды, тасбихтарымызды қабыл ет. Тірілерімізді кешіріп, өлілерімізге рахым ет. Дұғаларымызды қабыл ет. Аллаһым бізді пәлелерден сақтай көр. Аллаһым біздің намазды, намаздың сүннетін қабыл ет. Барлық қателіктерімізді кешір. Қиямет күнінде қаза болған намаздармен бетімізге ұрма. Барлық әлемнің иесі, тура жолдағылармен кездесуге нәсіп ет. Жаратылыстардың қайырлысына Мұхаммедке (с.ғ.с.) және оның барлық сахабаларына рахымыңды жсаудыр.

Мұның соңында... оқыр. Құран оқығаннан соң дұға қылар. Дұға үшбу «иләһи сауаб хатым кәләм би рух сәйдинәл әнәм... ияту афдалу саләту уа сәлләм уа би аруах муқаддәс азуаж мутаһһарат уа би аруах муқаддас жамиғил әнбия әлқияу уа шуһәдә уа салиха уал ғибәд уазуһад уа би аруах жамиғ әлмуминун уал муминат».

Мағынасы: Иләһи әмин. Осы оқылған хатым Құранның сауабын пайгамбарымызға жаза гөр. Және барлық пайгамбарларға, Аллаһ жолында қайтыс болған, салихалы, тақуа құлдар және де барлық мұсылман ерлерге, мұсылман әйелдерге оқылған хатым құранның сауабын жаз.

биддуган... әлфәтиха Аллаһуммә әнфәкнә бил құран әлғазим бәррик ләнә би әйәти уа зикрил хаким уа тақаббал миннә иннәкә әнтә самигул ғәлим уа тәб ғәләйнә иннәкә әнтә тууәбур рахим уа ағфир ләна иннакә әнтәл ғафуурур рахим уа әһдәнә иләл хаққи уа илә сират әлмустақим уа киннә азабул жахим Аллаһуммә архамнә билқурән Аллаһуммә ижғал ләнә әлқұрәнә фид дин уад дуния қарибән уа фи қабри мунса уа фи қиямати шафигән уа ғәлә сират нуран ау фи жәннати рафигән уа мин нәри сәтрән уа хижәбән уа иләл хайрат кулләһә дәлил уа әммә мә би рахматикә иә архамар рахимин Аллаһуммә соллаллаһу ғәлә мухаммад уа ғәлә әлиһи уа асхабиһи әжмәғин.

Мағынасы: Мұсылмандардың дұғаларын қабыл ет. Тірі және өлілердің дұғаларын қабыл ет. Дәрежені, қажеттерді орындаушы. Балаларымызға, аталарымызға, әжелерімізге, жақын туыс-тарымызға және сүйіктілерімізге ырызық беруші. Қасиетті Құранмен напақат ет. Құран аяттарымен берекет ет. Біздің дұғаларымызды қабыл ет, иә естуші, білуші. Кешіруші, біздің күнәларымызды кешіре көр. Бізді тура жолға сала гөр. Тозақ азабынан сақтай көр. Құранды ақыретте және қабірде, қияметте шапағатшы қыла көр. Сират көпірінде жарық болсын, тозақ отынан перде болсын.

Бір заман Мұса ғәләйһи сәләм барды бәйт мұқаддасда болған. Тауға Мұса ғәләйһи сәләм ол тауда корді, содан қаумы ғибадат қылар. Аллаһ Тағала Мұса ғәләйһи сәләм сұрады біздер кім деп. Олар жауаб берді. Біздер Мұхаммед үмметі деп етміш мұнда ғибадат қыламыздар деп. Мұса ғәләйһи сәләм шадалында Құдай Тәбарак уа Тағала Мұса ғәләйһи сәләм... қылды. Әй, Мұса Мұхамедке һәм оның үмметі сондай күн бердім, ол күнде екі ракағат намаз қылулар. Сол екі ракағат намаз бұ кісілернің жетпіс жыл ғибадатларындан артығырақ дүр. Мұса ғәләйһи сәләм сұрады: «Ол нендей күн, иә, Рабби, біздерге білдірсең еді», – деп. Қалә Аллаһ: «иәумә жумғати»[952]. Мұса ғәләйһи сәләм бұ күннің өзіне арыз қылды. Құдай айтты: «иәуму сәбт ләк уа иәуму ахад ли ғиса, уа иснәйн лилхалил ибраһим уа сәлис ли зәкәрия уа арбиға ли яхия, уалхамис лиәдәмә, уал жумғати ли мухаммад ғәләйһи сәләм уа умматиһи. Фә тәғәжжәбә муса ғәләйһи сәләм мин фәдли һәзиһил уммә».

Мағынасы: Сенбі күн саған. Жексенбі күн Исаға. Дүйсенбі күн халил Ибраһимге. Сейсенбі күн Закарияға. Сәрсенбі күн Яхияға. Бей-

сенбі күн Адамға. Жұма күн Мұхаммедке және оның үмметіне. Сол уақытта Мұса, Мұхаммед пайғамбардың үмметіне таң қалды.

Пайғамбар ғаләйһи сәләм... Жәбірәйіл ғаләйһи сәләм бір күн Құдай тарапынан бір көзгі көтерді иә қаты нұрлы расулаллаһ сұрау бұ нәрсе деп Жәбрәйіл ғаләйһи сәләм айтты. Бұ жұма күні өзіңе үмметіңе де. Расулаллаһ сұрады көзгінің ортасында нұктаны нәрсе деп, Жәбрәйіл жауап берді. Бұ нұқта 23 сағат дүр деді. Арасында бір сағат сондан сағат дүр. Не хажет нәрселер бір адамның һәм күнә қылса күнәсін сұраған нәрселерін жарылқан қабыл болса тұрған сағат дүр деді. Бүгін сәйдул әиәм жұма күн байрам айтып, намаз оқимыз себебі үшбу дүр. Жұмадан жұмаға үммет Мұхаммед күнә қылса, бұ күнде Құдайдан сұраса ғафу[953] қылса дүр. Суәлі[б]олса сұ...

۱. بئىلىنىڭ بارە جاس كۈندۈندە كۈلگەندە بولسۇن باقىدۇ بولسۇن باقىدۇ بولسۇن بولسۇن بولسۇن
 ۲. كۈننى كۈرۈشكەن باقىدۇ بولسۇن خىت قىزىق سالىق باقىدۇ بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن
 ۳. بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن
 ۴. بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن بولسۇن
220. хайрәл әдиәнда – діндердің хайырлысы.
221. ифтихар – мақтаныш, абырой.
222. дағуат – дінге шақыру.
223. хасадларны изһар – өз көреалмашылықтарын ашық көрсетеді.
224. мәнәғ – тйым салу.
225. мадах – мақтау.
226. әбә уа әждәдміз – келеріміз және аталарымыз.
227. юхи низам – сүйектерді тірілтеді.
228. Хақтан уахи – Аллаһтан аян келу.
229. Жәбрейіл – Аллаһтың дінін жер бетіне тарату үшін пайғамбарларға Аллаһтың үкімін, уаһиларын жеткізетін періште, Аллаһтың қалтқысыз қызметшісі. Жәбрейіл (ғ.с.) періштелер арасында пайғамбары аталған дәрежелі болған 4 періштенің бірі. Адамзаттың сұлтаны болған Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарға да ұлы жаратушы Аллаһтан өсиет жеткізген де осы Жәбрейіл (ғ.с.) періште еді.

230. Құран ғазим – Мұхаммад ғалейһис сәләмға түсірілген. Құран кәрім сүре, аяттан тұрады. Екі тыныс белгісі арасын бір аят дейді. әлі күнге дейін құранның бір әрпі өзгермеген. Дүние жүзінде барлық құран бірдей. Қиямет күніне дейін ол Аллаһтың қорғауында болып, мүлдем өзгермейді.

Қазіргі дін дұшпандары сияқты сол дәуірдің кәпір шайырларының пайғамбарымызға: (с.а.у.) «құранды өзін ойдан жазып жатырсың» деген жалаларына қарсы Аллаһ Тағала: «оларға былай деп айт: ант етейін, егер адамдар мен жындар мына құранның ұқсасын жасау үшін жиналып, тіпті бір-бірін қолдап, күштерін жинаса да оған ұқсас бір кітап жаза алмайды» (исра-88) – деп аят түсіріп, олардан құранға ұқсас бір кітап жазуларын талап етеді. Алайда араб ақын-шешендері құранға ұқсас бір кітап жазу қолдарынан келмегендіктен үн-түнсіз қала берді.

Аллаһ Тағала басқа бір аятта былай деп бар білетін өнерлерін көрсетуге шақырады.

«Егер құлымызға түсіргенімізге (түсірілген құранға) күмәндансаңдар, қанеки бір сүресіне ұқсас сүре жазып әкеліндер және Аллаһтан басқа сенетіндеріңнің барлығын шақырыңдар, егер айтқандарыңа рас болсаңдар. Бұны жасай алмасаңдар, ешқашан жасай алмайсыңдар да – отыны адамдар мен тастар болған тозақ отынан сақтаныңыздар» (Бақара сүресі 23, 24-аяттары.).

Әншейінде намысшыл келетін шайырлар бұл жолы тағы да Аллаһтың талабына дәрменсіз қалып, құранға ұқсас бір кітап емес, тіпті он сүре де емес жалғыз сүре жазу қолдарынан келмегендіктен құлаққа ұрған танадай үнсіз қалды. Иә күмән келтірген арабтардың оздерінен талап етілген құранға ұқсас бір кітапты, яки, он сүресін тіпті жалғыз сүресін жазу пайғамбарымыздың (с.а.у.) жаңа дініне тосқауыл болудың ең қысқа әр оңай жолы бола тұра, мал-жандарын қатерге соғатын соғыс жолын таңдауларының астарында құран сүрелерінің ұқсасын жаза алмауларында еді. Өйткені құран мағынасындағы тереңдігі мен тәсіліндегі ерекшелігі жағынан арабтардың не қара сөздеріне не өлең шумақтарына ұқсамайды. Он төрт ғасырдан бері құран сүрелеріне ұқсас бір сүрені күллі адам баласының жаза алмауы құранның Аллаһ Тағала тарапынан жіберілген хақ кітап екендігінің айқын дәлелі.

231. Расул кәрәм – Піл жылындағы наурыз айының он екінші күніне караған дүйсенбі таңертеңі, таң жарығы жерге түсе, әлем ерекше нұрға шомды. Бүтін әлем ұзақтан бері сағына күткен көктердің шапағатынан жаратылған, қасиетті Мұхаммед Мұстафа дүниеге келді. Бұл кеш бөлекше кеш болды, күллі дүние күткен бұл кеште әлем оқиғасы елес берді. Яһудилер, христиандар, каһіндер, Хатемй Енбианың (соңғы пайғамбардың) дүниеге келгенін хабарлады.
232. тасдиқ уа тағиф – сену.
233. иәһуди тәкзиб – еврейлердің өтірігі.
234. Әмір мағруф уа нәһи ғәнил мункар – жақсылықты бұйырып, жаманшылықтан тйыу.
235. Әммә сәләфинің – өткен заманның ғалымдары.
236. ғайрі – басқа.
237. ихсан уа әнғәм – нығмет, сыйлық.
238. сәбит – берік қылу.
239. миқдарны – өлшемі.
240. әууәләһу әфдал маужудәт уа ашраф махлуқат – жаратылыстың ең құрметті жаратылысы.
241. ирсәл – жібері.
242. инс уа жин – адам және жын.
243. жумлә – сөз, сөйлем.
244. жамиғ – барлық.
245. сәир – басқа.
246. сауабны ағта – жақсы амалы үшін беріледі.
247. рамазан шарифнің саумды – қасиетті рамазан айының оразасы.
248. Уа салату уитр – үтір намазы.
249. жумғай – жұма намазы. Жұма, бір жерге жиналу мағынасындағы арабша есімдік болып, аптаның 5-ші күніне берілген есім. Жамағатпен оқылған әрбір намазда жиналу болғанымен, жұма намазындағы жиналған халық ғана жамағаттар жиыны бола алады.
- Жұма намазы парыз. Сондай-ақ, жұма күні бесін намазы уақытында оқылатындықтан, бесін намазының орнына оқылған болып есептеледі. Жұма намазының парыз екенін қабылдамаған кісі діннен шығады.
- Құраннан дәлел: «Әй, иман келтіргендер! жұма күні намаз үшін шақырылғанда тезірек Алланы еске алуға асығыңдар. Сауданы тас-

таңдар. Бұл (хұтба, уағыз тыңдау және намаз оқу) білсеңдер сендер үшін өте пайдалы». (жұма сүресі, 9-аят).

Сүннеттен дәлел: сахи́х мүсі́лим жеткізген бір хадисте: «Ең хайырлы да пайдалы күн жұма күні. Адам (ғ.с.) сол күні жаратылды. Сол күні жәннатқа кіргізілді және сол күні шығарылды». (сахи́х мүсли́м, 4-том, 854 – хадис).

Ижмадан дәлел: қазіргі уақытқа дейін ислам ғалымдары жұма намазының парызы екенін қабылдап, әлемге білдірін келеді.

Жұма намазы, Меккеден Мәдинеге көшінде, хазірет пайғамбарымыз Мәдинеге жетпей, жол үстінде Аллаһ Тағаладан уахи түсін, парызы болған. Жұма намазы алғаш рет Салим бауфтың жұртындағы «рауна» деген сайда оқылған.

250. уа мәйт намазны – жаназа намазы.

251. қасар (қасир) – қысқа.

252. азан – намаздың уақыты кіргенін білдіреді. Ол исламның ұраны.

253. иқаматы – парызы намаз алдында оқылады.

254. жамағат – көпшілік. Хадис шарифте: «жамағат намазы жалғыз оқушының намазынан жиырма жеті дәреже артық» – делінген.

Парызы намаздарды имам және ұюшы болып, жамағатпен оқу сүннет. Жамағатпен оқыған намазда имам жетекші болады.

255. уасаф – сипаттау.

256. салат кусуфі – күн тұтылған кезде оқылатын намаз.

257. истиқаны – жаңбыр тілеу намазы.

258. сәждә тиләуәтні – Тиләуәт сәждесі: құранның сәжде аяттарынан біреуі оқылған кезде жасалады.

Тиләуәт сәждесін жасау уәжіп. Тиләуәт сәждесі құранда он төрт жерде бар. Бұл он төрт аяттың біреуі оқылса немесе естілген кезде тиләуәт сәждесін жасау керек.

Бұл аяттар; аграф, рағид, нахыл, исра, мәриям, хаж, фұрхан, нәміл, сәжде, саад, фуссилат, нәжім, иншихак, аләк сүрелерінде бар. Құранда бұл аяттар болған беттердің шетінде белгі бар.

Намаздан басқа уақытта, қолды көтермей тәкбір айтылып сәжде жасайды. Сәждеден соң үш рет тәсбих тартып, қайта тәкбір айтады да «ғұфранака раббанә уә иләйкәл-масир» – деп аяқтайды. Намаз үстінде болған жағдайда, өзінен (сәжде аятынан) кейін үш аяттан көп оқылатын болса, тәкбір айтылып тік тұру керек. Бұл әрекет сәжде

орнын толтырады. Демек, мұндай жағдайда жасалмайды. Тиләуәт сәждесін жасау уәжіп, сәждеде дұға оқу сүннет, тік тұру мүстахаб.

259. әммә сәләф мәди мәсжидлерден ғайр – сонау ескі мешіттерден басқа.

260. жәиз – рұқсат.

261. рубығы – төрттен бір бөлігі.

262. рубғ ғашар – онның төрттен бір бөлігі.

263. нәфир ғам – топ.

264. хасаны – жақсысы.

265. сауаб – дұрыс.

266. либасларына нәжәсәт – киімдеріне лас нәрсенің тиуі.

267. маудуғы – тақырыбы.

268. үзір – себеп.

269. сәтр – перде.

270. тәубе – түбе. Кешірім сұрау. Күнә жасамау.

271. қаим – тұрушы.

272. сәиият хасанат тәбдил – жаман істерді жақсымен ауыстыру.

273. ужудте – тіршілік.

274. фиғлы – істері.

275. кирамән кәтибинге – екі жазушы періште.

276. иәум жумға – жұма күн.

277. ғәриф (ғәрриф) – көмекші, мұғалім.

278. иәум фитр – ауыз ашар күні.

279. ләиләтул қадир – қадыр түні. Діни мағынасы: Қадір түнінде Аллаһтың еркіндік құдіреті бүкіл нәрсені қадірлейді. Сол себептен осылай аталған. Қадір түнінің қасиеттілігінің себебі, сол түнде пайғамбарымызға (с.ғ.у.) құран кәрім түсе бастаған. Қадір түні тарайған түн деп те аталған. Себебі, қадір түнінде муминдерді сәлемдеу үшін түскен періштелер жер бетін толтырады.

Дәл қадір түні, тура осындай болады деп білдірілмеген. Мұның себебі, онда терең сыр бар. Бірақ, хазірет пайғамбарымыздың хадисінде; қадір түні рамазан айының соңғы он күнінің бірінде болатындығы жайында айтылған. Осындай хадистерден ислам ғалымдары, рамазан айының 27 – түнінде болатынын жорамалдап айтқан.

Құран кәрімдегі «қадір сүресінде», қадір түні мың айдан да хайырлы және рухани азыққа толы екенін білдірген. Ол түннің нағыз

қай күнде болатыны білдірілмеген. Тек рамазан айының ішінде болатыны жайында осы қадір сүресінде айтылған. Бұл түннің белгілі болмауының сыры, Аллаһ Тағала адам баласының әрқашан күнәдан аулақ болып, сауапқа жақын болуын қалаған.

Қадір түні не істеу керек екені жайында пайғамбарымыз былай деген: «Кімде-кім, рамазан оразасының парыз болғанына сенін, сауабын үміт етіп ұстаса, өткен кіші күнәлары кешіріледі. Сол сияқты тағы біреу, қадір түнінің құдіреттілігіне сеніп, оны күтіп, кейін құлшылықпен өткізсе, оның да кіші күнәлары кешіріледі.» (тәжриди сарих. 6 – том, 313 – хадис).

280. бәрәт – Бәраттың сөздік мағынасы: қарыздан, науқастан, күнәдан, жазадан құтылу.

Діни мағынасы: күнәдан тазару. Аллаһтың кешіріміне бөлену.

Бәрат түні – шағбан айының 14-інен 15-іне ауған түн. Бұл түнде мұсылмандардың тілеген тәубалары қабыл болады. Барлық адамзаттың бір жылдық рыздығы, бай не кедей болатындығы және қашан өлетіндігі осы түнде періштелерге білдіріледі.

Бәрат түні қаза намазды оқу, Аллаһтан кешірім сұрау өте орынды.

«Әй, өздеріне зиян жасаған құлдарым! Аллаһтың рахметінен күдер үзбендер. Аллаһ біртұтас күнәны жарылқайды. Өйткені, ол өте жарылқаушы, төтенше мейрімді.» (зүмәр сүресі, 53-аят).

«Менен сұрандар. Маған келіңдер. Сұрағандарыңа жауап берейін.» (Мүмин сүресі, 60-аят).

281. әиизәм ғайд – мереке күндері.

282. жамиғсы – барлығы.

283. муқаддам духул жәннат – алдын ала жәннатқа кіреді.

284. Инкиад – еру.

285. мустақим – тура жол.

286. Раббәл ғәламин – барлық әлемдердің құдайы.

287. «Әммә ләзинә қалу раббәнә Аллаһу суммә истикаму» – Раббымыз Аллаһ деп айтқандар. Сосын шынайы болды.

288. ғәлам фәни – уақытша дүние.

289. заһир – анық.

290. батинда – ішінде.

291. масрур – құанышты.

292. табшир – куанту.
293. бәғдәһу мутаким – кейбіреулері Аллаһтан қорқады.
294. хасил – болу.
295. мушрик – Аллаһқа серік қосатын адам.
296. әһли сүннет уәл жәмәғәт – құран мен сүннет ұстанушылар тобы.
Әһли сүннет уәл жамағат мазһәбінің амал жөнінен төрт ағымы бар: Ханафи мазһәбі, Мәлики мазһәбі, Шафиғи мазһәбі, Ханбали мазһәбі.
297. фасиқ – пасық.
298. уә әһли бидғат фарқасындан – бүлік салушылардан.
299. ғақил – ақыл есі дұрыс.
300. балиғ – балиғатқа жеткен.
301. әуләд – балалар.
302. әһлина – үй ішіміз.
303. хидам – құл.
304. ғуләмә – ғалымдар.
305. һидаятны – тура жол.
306. кәфир – кәпір.
307. даләләт – адасу.
308. ғадат тариқы – ағымдар түрлері.
309. садир – алынған, шыққан.
310. әлғиәз биллаһ тағала тәждид иман – аллағы сйынып, иманды жаңарту.
311. лә иләһә иллә аллаһ – Алладан басқа құдай жоқ.
312. тәбәри – құрту.
313. тәрк – тастау.
314. қабул – қабыл ету.
315. тәснифәтында мәфсул – әңгімелерінде жеке.
316. әмәрәни Аллаһ биһи қибләтиһи уә мә нәһәнә ғәнһу интәһиәт ғәнһу – Алланың бұйырғанын орындадым, тыйғанынан тыйлдым.
317. ин шә Аллаһ тағала – Аллаһ қаласа.
318. луғатта – тілде.
319. бәғдәһу – одан кейін.
320. тараф – тарап.
321. мутағалләқ – ілінген.

322. шәйлар – нәрселер.
323. фарз – парыз.
324. иман тахқиқи – өз ісінің дұрыстығын дәлелдеп беру.
325. иман истидләли – дәлелденген иман.
326. иман тақлиди – яғни біреуге еріп иман етуді айтады.
327. ғайтта кәмил – толық
328. махлұқтарының – жаратылысына.
329. жәмиғ – барлық.
330. дағиф – әлсіз.
331. шуруғ – шарифат.
332. уасуас – азғыру.
333. хауф – қауіп.
334. Ләкин – бірақ.
335. мақбул – қабыл болатын.
336. иман ижмәли – жалпы.
337. иман тафсили – толық.
338. тақдир – тағдыр.
339. улуһиатта халқиатта – күдайда және жаратылыста.
340. мағбудиятта – құлшылықта.
341. субутиә – Аллаһ Тағаланың оған тән сипаттары. Субути сипаттары сегіз.
342. хаиәт – тірі болу. (Аллаһ тағала тірі және басқаларды тірілтуші).
343. ғилм – білу. (Аллаһ Тағала барша нәрсені, тіпті жүректегі құпия ниетті де біледі).
344. самиғ – есіту. (Аллаһ Тағала бәрін естиді).
345. ирада – көру. (Аллаһ Тағала қараңғы түнде қара тастың үстіндегі қара құмырсқаның жүргенін көріп, аяқ дыбысын естиді).
346. басир – қалау. (яғни Аллаһ Тағаланың қалаған нәрсесі міндетті түрде орындалады).
347. кәләм – сөйлеу. (Аллаһ Тағала әріп пен дыбысты кәкет етпей сөйлеу ерекшелігіне ие).
348. тәқуин – жоқтан барды жасау.
349. ужуд – бар болу. Аллаһтың жоқтығы ойланылмайды.
350. кидәм – Аллаһтың бар болуының басталуы болмаған. Бар болу әзәли.

351. Бәки – Аллаһ мәңгі. Бар болуының соңы жоқ. Оның барлығын еш нәрсе жоқ ете алмайды.
352. Уахданиә – Ол жалғыз. Серігі және ұқсасы жоқ.
353. мәхәлифәт лилхауадис – кейіннен жаратылғандарға ұқсамауы. Ол біздің ойлағандарымыздан мүлдем басқа.
354. қиәм бинәфс – бар боуы өзінен. Бар болу үшін басқа жаратушыға мұқтаж емес.
355. сәлби – жағымсыз, қайшы. Аллаһ тағаланың сәлбиә сипаттары. Ғибадатқа оған ғана тән зат жоқ бір Аллаһтан басқа. Көбеюдән, азаюдән, туудән, тудырудән, бала, әйәлден таза, пәк. Кем-кетік, жағымсыз сипаттардан таза. Барлық әлемді жоқтан бар еткен бір АллаһТағала.
356. мустаһак – лайық.
357. шәрикі – серігі.
358. назары – көрінісі.
359. мунәззәһ – пәк.
360. муқарраблары – жақындары.
361. афдалдары Жәбрәйіл – кереметтері Жәбрәйіл. Аллаһтың дінін жер бетіне тарату үшін пайғамбарларға Аллаһтың үкімін, уаһиларын жеткізетін періште, Аллаһтың қалтқысыз қызметшісі. Жәбрейіл (ғ.с.) періштелер арасында пайғамбары аталған дәрежелі болған 4 періштенің бірі. Адамзаттың сұлтаны болған Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарға да ұлы жаратушы Аллаһтан өсиет жеткізген де осы Жәбрейіл (ғ.с.) періште еді.
362. Ғәзрәйіл – Аллаһтың әмірімен, ажалы келгендердің рухын алуға міндетті. Өлім періштесі деп те аталады.
363. Микәйіл – табиғат құбылыстарын басқаруға міндетті (жел соғу, жаңбыр, қар жауу сияқты).
364. Исрәфил – Исрафил (ғ.с.) ақыр заман келгенде сүр үрлейтін періште. Бұл періште қиямет күні Аллаһ Тағаланың бұйрығымен сырнайды алғаш үрлегеннен кейін Ұлы жаратушының қалаған кейбір жаратылыстарынан тыс көктегі және жердегі барлық жаратылыс пәнилікке бас иеді. Сосын екінші рет сырнайға үрлеген уақытта бәрі қайта тіріледі. Бұл періште періштелер арасында мәртебесі жоғары болған төрт періштенің бірі.
365. сахф – парак.

366. бақи – мәңгі.
367. уаллаһу әғләм – Аллаһ біледі.
368. Хайр – жақсылық.
369. шарр – жамандық.
370. тақдирдан – тағдыр.
371. қабір ғазабы – ақирет күніне дейін денедегі рух азапталады.
372. Мүнкәр уа Нәкир – діни ұғымда адам өлген соң қабірде сұрақ-жауап алатын екі періштенің аты. Исламдық түсінікте Аллаһқа шынайы сенім білдірген жаны таза, рухы биік мұсылмандарды саралап, дінсіздер мен күнәға батқандарды қабірде жазалайды. Бұл олардың жаһаннамда тартатын жазасының алды саналады. Құран кәрімде арнайы аталмағанымен, кей аяттар олардың есімдерімен байланыстырылады. Мысалы: «Періштелер, олардың беттеріне, арқаларына ұрып, жандарын алғанда қалай болар еді?!» (Мұхаммед сүресі 27-аят). Сондай-ақ Әнфәл сүресіндегі 50-52-аяттар да осымен мағыналас келеді.
373. суәл – сұрақ.
374. Әммә – қатысты.
375. бағды – кейбір.
376. ғазаб – азаб.
377. хараб – құрып кету.
378. қиямет – ақырғы заман.
379. тамуғ – тозақ.
380. Хадир маужудлар – қазір барлар.
381. сират – көйір.
382. мизан – таразы.
383. хисаб – есеп.
384. ниғәм – нығмет.
385. ғиқаб – жаза.
386. ғитаб – шіру, бұзылу.
387. сәбәб – себеп.
388. ғайб иман – көрінбейтін иман.
389. халал – шариғат бойынша рұқсат етілген нәрсе не іс.
390. иғтиқад – сенім.
391. харам – шариғат бойынша кесімді түрде тыйым салынған нәрсе не іс. Харам ету – тыйым салу.

392. дәймән – әрдайым.
393. уасуасдан – азғырудан.
394. сахаба – арабшадағы схб тубірінен туындаған көпше түрдегі есім сөз, жекеше түрі – сахаби. сахаба (етістігі) серік, жолдас, дос болу және сұхбаттасу деген мағынаны білдіреді. Мейлі аз, мейлі көп болсын сұхбаттасқан адамға осы есім беріледі.
- Терминдік мағынасына келсек, Аллаһ елшісін (с.а.у.) көрген, аз уақыт болса да оның сұхбатын тыңдап, иман келтірген және дүниеден иманды өткен сахабаға жатады.
395. махрум – мақрұм қалу.
396. һидаяты – тура жол.
397. бинәсі – құрылысы.
398. Әууәл – бірінші.
399. ағузу биллаһи – Аллаһқа сыйнамын.
400. дағиф – әлсіз.
401. ижабат – жауап қайтару.
402. шарифке махалиф – шарифатқа қайшы.
403. тағдил әркәннi – өзгертілетін тіректер.
404. хамыр – арақ.
405. хасад – көреалмаушылық.
406. ғайбат – біреудің артынан өсек айту.
407. зәуж ғәфифә – таза, адал мінезді әйел.
408. муртәд – діннен шыққан.
409. Бәгдәһу – бұдан кейін.
410. тәждид никах – некені жаңадан қию.
411. Фәфһәм – түсіндіру.
412. сәййдул истиғфәрнi – кешірім дұғаларының мырзасы.
413. мәғфур – кешірімді.
414. Мәсабих – нұр.
415. әстәғфируллаһ – Аллаһтан кешірім сұраймын.
416. инша Аллаһ – Аллаһ қаласа.
417. һум – олар.
418. һәзә дүғә – бұл дұға.
419. әжір – сауаб.
420. мақсуд тәкмил – толықтыру мақсаты.
421. хуккәм – басқарушы.

422. «المن اتى الله بقلب سليم» «иллә мән этә аллаһ биқалб сәлим» – Аллага тек таза жүрекпен келді.

423. Хиләфінше – айырмашылық, қарама-қайшылық.

424. тәмуғ – тозақ.

425. мин хәису лә иәхтәсибтен – есептелмейді.

426. жәиз – рұқсат.

427. шағир – ақын.

428. мәзәх – қалжын.

429. хазірет Ғиса рухаллаһ – Әл-ақса мешітінде ауаша жатқан Мариям күндегі әдетінше Аллаһқа мінәжат етіп отырған Бір күні аяқ астынан жүрегі дүрсілдеп кетті де, оған бұрын болып көрмеген қорқыныш тонді. Сол тұста оның алдында бір періште пайда бола қалған еді. Періште кәдімгі адам бейнесінде көрініп, оны тыныштандыруға тырысканымен Мариям қаша жөнелмек болды. Әрі өзін сақта деп Аллаһқа жалбарынды. Өйткені ары таза адал ару болған ол мұнан қауіптенін еді. Періште оның көңілін орнықтырып, қорқынышын серпілтті.

– Мен Раббидың елшісімің – деді оған періште, – мен саған елден ерек бір ұл беремің

Мариямның көңілін қайғы бұлты торлады. Ол бұл жұмбақтың байыбына бара алмады. Бірақ қысылыс пен күдік оның тіл-аузын күрмей алған жоқ.

– Тірі пенде менің маңымды басқан емес, – деді ол арадағы жым-жырттықты бұза, өжеттене сөйлеп, – мен намысына дақ түсіріп, кір келтірген әйел заты емесің Қайтіп балалы боламын?

– Бұл іс мынадай, – деді періште, – раббиымызға бұл оп-оңай іс. Біз мұны ел-жұртқа хикімет етпекшіміз. Мұның өзі Аллаһтың рақымы. Лаухыл-мақпұзда жазылған іс.

Осы сөздерді айтып болды да, періште ғайып болды. Мариям төбеден ұрғандай отырып қалды. Әлгіде естіген сөздерін есіне алып, қарадай қалтырады. Оған күйеуге шықпаған қыз екі қабат болып қалыпты деген елдің өсегіне каламын-ау деген ойдың келгені даусыз еді. Осыны ойлап тіпті де мазасызданды. Ел-жұрттың күмәнданатындығы, сенбейтіндігі оның жанына батты. Ол өзін өте оқшау қалғандай сезінді. Үрей мен мұң оның санасын мықтап шырмады. Оның жан дүниенің әбден билеп алды.

Арада бірнеше ай өтті. Осы барыста көңіл алғауы мен бұралқы ой оны қатты бунады. Тамаққа тәбет тартудан қалды. Уақытын жалғыз іш құсамен өткізді. Ешкімнің насихатын тыңдаған жоқ. Сұрқы кетіп, құты қашты.

Ой соқты болған қыз өз мекеніне – назаретке келді де, бір лашықта тұрды.

Бір күні Ғайса және оның үмбеттері бір бақшаға келіп, сонда түнемек болды. Ымырт үйіріле қуғыншылар сау етіп жетіп келіп, жасырынған жерлерінің, үстінен түсті. Сөйтін Ғайса және оның үмбеттері коршауда қалды. Өздерінің, тұтқын боларын байқаған үмбеттері пайғамбарларын тастай тым-тырақай зытып. Аллаһ Тағала Ғайсаны жауына қолды еткен жоқ. Ол дін жолын құлшына уағыздаушы болғандықтан Аллаһ оған медет берді. Ол жөнінен хикімет аңыз етті. Оның үстіне жауын жеңіп беруге, оны қауіптен құтылдыруға уәде етті. Осындай шешуші минутта Аллаһ Тағала уа Тағала өзінің, құдіретіп әйгіледі. Ғайсаға мейірімді қолын ұсынды. Қалын елді каратып қойып, Ғайсаны ғайып қып жіберді. Қуғыншылардың көзіне Ғайса бейнесіндегі баска біреуді елестетті. Олар соны Ғайса деп біліп, жағасынан алды. Үрейі ұшып қорыққаннан оның тілі күрмеліп, өзінің, жөнің айтуға да күйі келмей қалшылдап тұрып қалды. Натижеде тұтқын болды. Елеуреген олар істің, анық-қанығына көз жеткізуді ұмытты. Көріністік нәрсеге алданумен-ак тынды.

Олардың тұтқындағаны сатқындық жасап, жол көрсетіп келген Яхуза болатын. Аллаһ Тағала оның біреуге істегенін өзіне қайырып, азғындығы үшін оны естіп жазалады.

Олар Яхузаны бір алаңқайға айдап әкелді де, елдің у-шуы ішінде кіреске керіп өлтірді. Сонан соң олар Ғайсаны өлтірдік деп дақпырт жайды. Бірақ олар істің, нағыз сырын білмеді. Ғайсаны олар өлтіре алған жоқ. Оны Аллаһ Тағала өз дарһаина алып кетті. Аллаһ Тағала ғана нағыз құдіретті әрі парасатты.

430. элфэз кабих – жағымсыз сөздер.

431. фәтуэләр – үкімдер. Діни-құқықтық мәселе бойынша ғалым адам шығарған шешім.

432. муфти – діни шешім беретін адам.

433. бидғат – дінге ендірілген жаңалық, дін бұзарлық.

434. фидия – кұн, төлеу, төлеп алу.
435. Жәһил – надан.
436. Ижтиһад – талпыныс.
437. асхабунә – сахабаларымыз.
438. дафғ – ояту, оятып жіберу.
439. Мәғрифәт – білу, тану.
440. уа әбу Аюб Ансари – сахабаның есімі.
441. риуаясы – әңгімесі.
442. дағиф – әлсіз.
443. Рух инсаны ғәлим аруахта тақриб иләһ – адам рухы рухтар әлемінде құдайға жақындау.
444. ғәлим тәклиф – міндет.
445. тәхсил – табу, тауып алу.
446. тәкмил – жалғастыру.
447. Тағзиз – күдіреттеу.
448. Такбир – құлақ қағу. Немесе «Аллаһу әкбар» сөзін айту.
449. Тәғут – шайтан.
450. бәйнәл – арасында, аралық.
451. Тәхәбәс нәфс – нәпсіні ұстау.
452. бахил – сараң.
453. нағузу биллаһ – Аллаһқа сйынамыз.
454. Әлхасад уа лә иәсуд –
455. Дұға истисқа – жаңбыр тілеу дұғасы.
456. Кәтәбәһу – жазды оны.
457. сәнәт – жыл.
458. мин һижрәт әннәбәуи – пайғамбарымыздың көшуінен бастап.
459. Әлхамду лилләһи ғәлә уа ли ниғмәт – осы нығмет үшін Аллаһқа мадақ.
460. муқабил – қарсы келген.
461. ғайд құрбан – құрбан Айт сөзі – араб тілінде «ғид» деп аталады. Аллаһ Тағала айт күндері адамдарға әртүрлі жақсылықтар сыйлайды: Ораза айтындағы бір айлық тыйымнан кейін ішін-жеу, яғни тамақтану. Пітір Садақасын беру, Қажылықты парызын өтеу, Құрбан шалу, туған-туыспен досжарандармен араласып туыскандықты нығайту т.б.
462. иәумул суләсә әууәл – сейсенбі күні.

463. Қауләһу тағала – Аллаһ сөзі.

464. төрт халифа – Аллаһтың сүйікті елшісі (с.а.у.) раббысынан алған уахиларымен адамдық қасиеттерден жұрдай болған араб қоғамындағы адами құндылықтардың толығымен жоғалып кетуш тежеп, адамдардың өмірге деген көзқарастарында үлкен төңкеріс жасады. Ол ез қызметін толық орындап, артында бұл істі жалғастырар сахаба жамағатын тастап кетті. Ислам туын биікте желбірету жолындағы шайқаста қара бастың камын саналарынан өшірін, ислам жолында жанын пида етуден тайынбаған сахабалар Аллаһ пен расулының (с.а.у.) ризашылығын дүниенің кез тартып, көңіл байлар алдамшы салтанатынан әрқашан да жоғары қойды.

Алғашқы ислам мемлекетінде пайғамбарымыздан (с.а.у.) кейін билік басына келген төрт халифаның әділдікті орнату, адамдарды жоқшылық пен азғындықтан құтқару жолында көрсеткен мейірімділік пен жанашырлықтары, адамдарды бір-бірінен бөле-жармай бәріне тең қараулары арқылы адамзат тарихының абыройлы беттерінен қайталанбас басшылар ретінде орын алды.

Отыз жылдың бұл қысқа дәуір хулафур рашидин (аділетті, турашыл халифалар) дәуірі делінеді. Осы уақыт аралығында мемлекет басқару ісінде исламдық басқарудың ең тамаша үлгісі көрсетілді. Төрт халифа басшы болған кездерінде қарапайымдылық және кішіпейілділік сияқты қасиеттерімен ерекшеленді. Мысалы, хазіреті Әбу Бәкір халифа болмастан бұрын синх деген аймақтағы халықтың қойларын сауып, оларға жә рдемдесетін ол халифа болып тағайындалған кезде көрші аймақтағы бір күннің: «Әбу Бәкір бұдан кейін біздің қойларымызды саумайды» дегенін естіген Әбу Бәкір: «Өмірімен ант етейін, керісінше, мен бұдан кейін де қойларыңызды сауамың мой-ныма алған бұл жауапкершілік мінез-құлқым мен әдеттерімді өзгерте қоймас» деп жауап берген ол қой саууды мәдинаның орталығына көшкенге дейін алты ай бойы жалғастырған.

Хазіреті Омар (р.а.) да саудамен айналысатын ол мемлекет басшысы болып тағайындалғаннан кейін халықтың мұқтажы мен қажеттіліктерін қамтамасыз етумен шұғылданып жүргенде, саудамен айналысуға уақыты қалмағанды. Сахабалардың ұйғаруымен оған өзіне және отбасына жетерліктей ғана айлық бекітілді. Омар бұған қанағат етіп ризашылық көрсетті.

Хазіреті Осман (р.а.) қызметкерлерге айлық таратқан кезінде, өз мүлкінен жағдайы нашарларға қосымша қаражат бөлетін онсыз да хазіреті Осман (р.а.) жомарттығымен, садақа таратуымен және Аллаһ жолында дүние бағыштауымен атағы шыққан кісі еді.

Хазіреті Алидің де жағдайы осылардікіндей.

Халифалардың қара қылды қақ жарған турашылдығы исламдық тәрбиеден, Аллаһқадеген сүйіспеншілікпен қорқыныштан туындаған еді. Олар Аллаһ Тағаланың алдында өз жауапкершіліктерін терең сезініп, қандай да бір қате басқан қадамдары болса, қияметте оған жауап беретіндіктеріне сенетін. Олардың басқаруындағы халық та ислам тәрбиесінде болғандықтан, басшыларына қалтқысыз бағынды. Ал қаракөк аспаннан сәуле шашқан жұлдыздар шоғырындай боп тарихтың айқара бетіне өрнек салып, өшпес із қалдырған бірқауым үмбет пайда болды.

465. иәнсит – адамзат.

466. таһарат – тазалық.

467. «иннә әнзәлнәһу» – «Расында біз оны (Құранды) түсірдік».

468. Ғәлим әлхалқ – жаратылыс әлемі.

469. ғәлим әләмір – істер әлемі.

470. ғәлим әссура – суреттер әлемі.

471. ғәлим мәғнә – мағналар әлемі.

472. ғәлим әшшәһәдәт – күәгерлер әлемі.

473. ғәлим әлғәиб – ғәйб әлемі.

474. мәшғул – шұғыл.

475. ғәйрәһ – одан басқа.

476. Низәм – жүйе.

477. уәзн – салмақ.

478. дәймән – әрдайым.

479. ғәлә хабибукә хайр хәлқ Аллаһ кулләһум – жаратылыстың хайырлысы және сенің сүйікті құлың.

480. Иғтиқад – сенім.

481. ғазим шәй – керемет нәрсе.

482. кәмәл тәғзим – толық құрмет.

483. уа шәук – желание, страсть.

484. зәм сура – қосымша сүре.

485. Кул иә әюһәл кәфирун – «Әй кәпірлер!»

486. ихлас шариф – қасиетті ихлас сүресі.
487. «әддин насихат» – дін насихат.
488. Тәуилне – құрамы.
489. «әрә әитәл ләзи» – «көрдiң бе?»
490. иншә Аллах – Аллах қаласа.
491. «туфни муслимән уа әлхикнә бис салихин» – мұсылман боп өлуге және мұсылмандармен қос.
492. суәл – сұрақ.
493. Әууәл мә уәжиб – бірiншi не нәрсе уәжiп.
494. шәйун – зат, нәрсе.
495. мағрифәт – тану, білу. Білім.
496. сәниән – екiншiден.
497. Тәфдилу умур илә Аллах тағала – барлық істi ерекше ыхыласпен Аллах Тағалаға тапсыру.
498. шәррун – жамандық.
499. әрражим мәржум – қуылған.
500. бәхс – ізденіс.
501. мукаддәм – алдына қойылған, алдына келген.
502. уажһ – бет.
503. аят кәрим – Құран сүрелерінің белгiлi бiр бөлiгi. Екi тыныс белгiсi арасын бiр аят дейдi.
504. ирадәһ – қалау.
505. Қауләһу тағала – Аллах Тағаланың сөзi.
506. мусахиб – дос.
507. ғәйр – басқа.
508. «әр-рахман» – Ерекше мейiрiмдi, қайырымды, шапағатты.
509. әнғам – жаратылыс.
510. әхсан – жақсы.
511. «әр-рахим» – Қиямет күнiнде мейiрiм көлеңкесiне алушы, жарлықаушы.
512. тақдирде – тағдырда.
513. ибтидә – бастау.
514. жәр мәжрур қағида – «жәр мәжрур» ережесi.
515. мутәғәллик – қатысты, байланысты.
516. фиғл – етiстiк.
517. Тәхир – қалдыру, соңында.

518. эттакдим юфид – алдында келу пайдалы.
519. «иэкә нәғбуду» – саған ғана құлшылық қылмамыз.
520. Мәфғулді фиғлге муқаддам еркен – толықтауышты етістіктің алдында келтірген.
521. ләфзат – сөздер.
522. иәжтәмиғ лижәмиғ әссифәт әлкәмәләт – барша толық сипаттарды жинайды.
523. муқаддам – алдына қойылған, алдына келген.
524. «рахман» хасса ләфз ғәммәл мәғнә – «ерекше мейірімді» сөзі тек Алла тағалаға айтылған.
525. әтләк – бостандық, босату.
526. уаһм – дұрыс түсінбеушілік.
527. иләһ – Құдай, тәңір.
528. фәрк – айырмашылық.
529. Әууәл кәләм мәжидке иқтидәун – бірінші Аллаһтың сөзіне еру.
530. уақиғ – бір істің болуы.
531. хадис шарифке имтисәл – хадис шарифке бой ұсыну.
532. иттибәғ – еру.
533. ибтидә тәктуб – жазуды бастау.
534. ибтидә тәлфәз – сөздерді бастау.
535. Никәх – неке.
536. уәли хадир – туғанының болуы.
537. шәһид хадир – куәгердің болуы.
538. ижәб – жауап қайтару.
539. қабул никәх – некені қабыл ету.
540. ләфз – сөз.
541. ләфз никәх – неке сөзі.
542. тәзәууиж ләфзи – үйлену сөзі.
543. бәиғ – сату.
544. һәиб – бердім.
545. садақ – сыйладым.
546. ғәриәт – өсімсіз қарызға беру.
547. ибәхәт – бақыт, сәттілік.
548. Мәғлум – белгілі.
549. муәннәснің – әйел тегінің
550. бинт ғәммә – әкесімен бір туысқан бауыры.

551. бинт ғәммәт – әкесімен бір туысқан қарындасы.
552. бинт хәллә – анасымен бір туысқан бауыры.
553. бинт хәлләт – анасымен бір туысқан апасы.
554. тифл – сәби бала.
555. Сағир – кішкентай бала.
556. Ғуләм – боз бала, жігіт.
557. Жәнинун – құрсақтағы баланы айтады.
558. зәужәт – әйел.
559. нәсиб – туысқан, туған жақындары.
560. нәзиһи ридәғ – бұл сүтана.
561. сариғ әлғикаб – жазалаушы.
562. ғәни – бай, мұңсыз.
563. «әғәззәнә аллаһ мин руиә» – Аллаһ біздерді ойлаумен қуаттандырды.
564. әзһәр – белгілі.
565. фитнә уа фәсәд – бүлік және пасық.
566. ракағат – белгілі бір іс-қимылдар жиынтығы мен Құран аяттарын оқудан тұратын намаздың қайталанбалы кезеңі.
567. фәтиха – Құранның бірінші сүресі. «Ашушы» деген мағынаны білдіреді.
568. «қул һуә Аллаһ» – Құрандағы Ыхлас сүресінің бірінші аяты. Меккеде түскен сүре. Төрт аяттан тұрады.
569. фәләк – Құрандағы Фалақ сүресі. Меккеде түскен. Бес аяттан тұрады.
570. нас – Құрандағы Нас сүресі. Меккеде түскен. Алты аяттан тұрады.
571. кәлимәт әтгәмхид – мақтау сөздері.
572. салауат – Аллаһ Тағаладан пайғамбарымызға (с.ғ.с.) мақтауын сұрау. Дұға айту.
573. «ииәкә нәғбуду уа ииәкә нәстәғин» – Фатиха сүресінің бесінші аяты. «Иә, Аллаһ Саған ғана құлшылық қыламыз және Сенен ғана жәрдем тілейміз».
574. тәхир – кешігу.
575. уа ли раббикә аллаһ – Аллаһ үшін.
576. дұға – Аллаһтан жақсылыққа жеткізу мен жамандықтан құтқаруды өтінетін жалбарыну сөзі.

577. ғәззәтларын – жалғыздықтарын.
578. мурсал – жіберілген.
579. Ахмад ханбал – мұсылмандардың атакты төрт ғалымының бірі. Құрушысы Ханбалұлы Ахмед. Миладинің 780-ші жылы Бағдатта туылып, 855-ші жылы сол жерде қайтыс болған. Хадис және фикһ бала кезінен бастап ғылыммен шұғылданған. әсіресе фикһта көзге түскен. Қазіргі кезде Сауд Арабиясында және Кувейтте көп жайылған.
580. хайр – жақсылық, игілік.
581. мухтар – таңдалған.
582. кәбир – үлкен.
583. сағири – кішкентай.
584. Сүре – Құранның белгілі бір бөлігі. Құран 114 сүреден тұрады.
585. Муғтабар – сыйлы, құрметті.
586. Тәбарак – Аллаһтың ризашылығын алу.
587. хасил – болды.
588. ғәйб – жоқ болу.
589. зәрәғәт – жер өңімі.
590. Истиғәнәт – баю.
591. ғылым шәриф – құрметті ілімі.
592. руниә рухына – көруші жанына.
593. мустәғид – дайын болу.
594. Әлхамду лилләһ – Аллаһқа мақтау.
595. ғәии әлиәқин – ең шынайы ілім.
596. Иләһи – Құдай.
597. Мәғшук – жақсы көру.
598. мәулән – мырза.
599. мәснәуи – өлең.
600. Мәзиәт фәдиләт – ерекше әуестік.
601. Мәжәррәб – тексерілген.
602. махсус – сезіну.
603. ғәйрі – басқа.
604. ясин – Құран сүресі.
605. бәғдә – кейін.
606. бамдат – таң намазы.
607. тулуғ шәмс – күннің шығуы.

608. қиям – намаз кезінде тік тұрған қалыпта Құран аяттарын оқитын кезең.
609. ғаср – екінті намазы.
610. куфтан – соңғы намаз. Түнде оқылады.
611. ғуруб шәмс – күннің батуы.
612. Сәфид – жауып.
613. мәмзуж – араласқан.
614. Жәбәл илә кубис, жәбәл хирә, жәбәл сур, жәбәл бәтәхә, жәбәл ғәрәфәт. Жәбәл – тау. Кубис, хирә, сур, бәтәхә тау атаулары.
615. әууәліне – бірінші.
616. аят кәрімнің – құрметті аяттың.
617. сағир – кішкентай.
618. фулән – бір адам.
619. нифәиәтіне – соңына, аяғына.
620. бәитні – өлеңді.
621. ард – жер.
622. милет – қауым.
623. ғашарат – ондық.
624. низәғ уа фәзәғ – дауласу және қорқыныш.
625. Жәур – қыспақ.
626. уақиғ – бір істің болуы.
627. мутаһир – тазалаушы.
628. махсус – арнайы.
629. науғ – түр.
630. исраилге – тайпаның атауы.
631. фирар – қашу.
632. мажрух – жаралы.
633. қалб – жүрек.
634. зирағ тулында – шынтақ көлеміндей.
635. мәсәф – көлем.
636. науғ – түр.
637. қалб – жүрек.
638. рух – жан, рух.
639. сир – сыр.
640. Ихфә – жасыру.
641. хәфи – жасырушы.

642. нәфсі натиқ уа ләтифә инсаниә уа хақиқат инсан – нәпсі сөзінде және адамгершілік жұмсақтығында, адамның хақтығында.
643. нәфсі әммәрәһ – әмір етуші нәпсі.
644. ахләк хамидіге – мақтаулы мінез.
645. жисм – дене.
646. Ғәлам нәфс – нәпсі әлемі.
647. Ғәлам башариәт – адамдар әлемі.
648. Ғәламу сабғият – жеті аспан әлемі.
649. мунафиқ – жақсылықты дабыраға көрсетіп, жамандықты ішке бүгетін екіжүзділік. Бұл кейде сенім – нанымда, кейде тек іс-амалдарда көрініс табады. Ислам аясында шығарып жіберетін сенімдегі мұнафиқтық туралы айтсақ. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Меккеден Мадинаға қоныс аудармай тұрып және қоныс аударғаннан кейін де Бәдір шайқаста Аллаһ Тағала мұсылмандарға жеңіс сыйлап, оларды үстем етті және Мадинада тұратын кәпірлерді жерге қаратты. Сонда мадиналық кәпірлердің кейбірі үрейленіп әрі қулыққа басып, өмірлері мен мал-дүниелерін сақтап қалу мақсатында сырттай ислам қабылдаған сыңай танытты. Осылай олар мұсылмандардың арасында жүрді. Сырт көзге мұсылман сияқты көрінгенмен, ақиқатында олардың қатарында емес еді. Ал іс амал мұнафиқты Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Мұнафиқтың белгісі үшеу: сөйлесе, өтірік айтады, уәде берсе, орындамайды, аманат етілсе, қиянат қылады», – деп түсіндірген.
650. Ғәламул қулуб – жүректер әлемі.
651. Ғәламул аруах – рухтар әлемі.
652. Ғәламул әсрәр – сырлар әлемі.
653. Ғәлам кәун фәсәд – пасықтық әлемі.
654. Ғәлам барзах – барзақ әлемі. Адам өлгеннен кейін Қиямет күніне дейін жалғасатын уақыт кезеңі.
655. Хәмсә науаиде – кітаптің атауы.
656. маужуд – бар.
657. мағлум – белгілі.
658. муафиқ – келісім.
659. Хәуф – қатер.
660. хушуг – үрей.

661. хәшиәтулләһ – Аллаһтан корку.
662. тақдир – тағдыр.
663. «الذین هم فی صلواتهم خاشعون» «уал ләзинә һум фи соләтиһим хәшиғун» – олар намаздарында қорқынышпен, Аллаға беріліп оқиды.
664. «انما يخشى الله من عباده العلماء» «иннәмә иәхшаллаһу мин ғибәдәһул ғәләмә» – «расында Алладан ғалымдар ғана корқады».
665. «зәликә тәқдирул ғәзизул ғәлим» – оның бағалауы білуші құдыретті.
666. «و لنبلونكم بشيء من الخوف» «уа ли нәблунәкум би шәйин мин әлхәуф» – Қорқынышпен аздап оларды сынармыз
667. «و نبلوكم با الخير و الشر» «уа нәблукум бил хәйр уаш шәр» – біздер оларды игілік, байлық және қиындықпен сынаймыз.
668. «әл хәйру мә ихтәрәһуллаһ» – жақсылық Аллатың таңдағаны.
669. уағда – уәде.
670. мумин – иман келтірген. Бұл сөз термин ретінде иманның алты шартына сеніп, Аллаһтың және пайғамбардың (с.ғ.с.) бұйрық тыйымдарын сақтап, үлкен күнәлардан аулақ бола жүріп игі амал істейтін адамға қолданылады. Оның дәрежесі жай мұсылманнан биік.
671. ирадасы – калауы.
672. Али радиаллаһу ғәнһу – Негізгі аты – Али ибн Абу Талиб ибн Абул-Мутталиб ибн Хишам ибн Абди Манап ибн Құсайи ибн Киләб ибн Муррә ибн Кағб Луей әл-құрайши әл-хашими. Ол – хижрадан жиырма жыл бұрын дүниеге келген пайғамбарымыздың (с.а.у.) ағасы Абу Талибтің шаңырағындағы кенже ұл. Хазіреті Али төрт ұл мен тоғыз қыздың әкесі. Бұлардың арасындағы пайғамбарымыздың «олар – менің дүниеде иіскеп сүйген екі райханым» деген ұлдары хасан мен Хүсейін, қыздары Зейнеп пен Уммуғүлсім Аллаһ елшісінің (с.а.у.) қызы Фатима анамыздың құрсағынан шыққан.
- Мүминдердің әміршісі, жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі, *пайғамбарымыздың (с.а.у.) куйеу баласы, Аллаһтың арыстаны, ғылым қаласының қақпасы* ретінде танылған төртінші халифаның ғұмыры дастанға толы.
673. Фәтима – пайғамбарымыз Мұхаммад (с.ғ.с.) қызы.

674. ләзим – керек.
675. «шәиән Аллах» – Аллах затынан.
676. ихсан – Егер сен Аллахқа құлшылық жасағанда сен оны көріп тұрғандай етіп құлшылық жаса. Егер көрмесең, Ол (Аллаһ) сені көріп тұрғандай етіп құлшылық жаса
677. қалә Расул ғәлейһи сәләм: «лә иәржиғ әхәд фи һәббәт иллә әлуәлидән уәләдәһ» – Пайғамбарымыз айтқан: ешкім махаббатқо оарлмайды, тек ата-анасынын немесе біреуіпін ғана.
678. «уа иәжғәлуна аллах мә иәкрәһун» – Аллах сендер жек көргендеріпді жөнге салады.
679. Расулуллаһ – Аллах елшісі.
680. «قال الله تعالى و... الى الله لهم البشري» «уа... илә Аллах ләһум әлбәшәр» – Аллах Тағала айтқан: Тек Аллах қана оларға қуантады.
681. тәбтил – Аллахқа бой ұсыну.
682. Уа рәттилнәһ тәртилән – Құранды тәртіппен оқындар.
683. Тәртил – тәртіппен.
684. муқабил – қарсы келді.
685. нәфи муәккид – растауды мойындамау.
686. мәғруф – танымал, белгілі.
687. Мәғнә ғәлим – ғылымның мағынасы.
688. мәснуй – өлең.
689. қалб – жүрек.
690. «фәзкуруни әзкурукум» – мені еске алындар, мен де сендерді ұмытпаймын.
691. «лә иләһә иллә Аллах» – Аллаһтан басқа құдай жоқ.
692. «нағузу билләһ мин шәрри зәлик» – бұл жамандықтан Аллахқа сыйынамыз.
693. «әғузу билләһи минаш шайтанир ражим» – қуылған шайтаннан Аллахқа сыйынамын.
694. тәлфәз – сөз.
695. хәуф – қауіп.
696. Зәһирде – анығында.
697. Қауләһу Тағала «иннәл мәлик изә удхулу қариә тәфсәдуһә уа жәғәлу әғиззәтән әһләһә изәләт уа кәзәликә иәфғәлуң» – Егер патша қыстаққа келсе бұзақылыққа салынар туысқандарын алыстатып жәнәде әрекеттенеді.

698. мәфһүмінде – түсінігінде.
699. әууәлин уа әхириннің – алғашқы және соңғы.
700. мәхкум – берік.)
701. «әлләзи кәләмаллаһ» – Аллаһпен сөйлескен.
702. хәсиият – ерекшелік, өзгешелік.
703. истилә – меңгеру.
704. шәфиғ – шапағатшы.
705. қисса – әңгіме.
706. хәқиқи мәжәз – ауыспалы мағына.
707. уа бәқи һәуәс – мәңгі құмарлық.
708. ғәжиз – әлсіз.
709. ғадат – санау.
710. Зухәл – Сатурн.
711. Муштәри – Юпитер.
712. Миррихун – Марс.
713. Шәмсун – Күн.
714. Зухәрәтун – Венера.
715. Ғутәриду – Меркурий.
716. Қамарун – Ай.
717. сәбғә әбә – жеті ата.
718. Ғәнәсир әрбәғә – төрт жаратылыс.
719. уммәһәт әрбәғә – төрт анадан.
720. мәуәлид сәләсә – туылудың үш кезеңі.
721. жумәдәт – жәндіктер.
722. нәбәтәт – өсімдіктер.
723. истәмәғ – тыңдау.
724. Иләһке – Құдайға.
725. мухсанәт – жақсылықтар.
726. бәит шәриф – құрметті үй.
727. фәһм уа исбәт – түсіну және бекіту.
728. «тәнзил әррахмат зикр әссалихән» – Тақуаның Аллаһты еске алуымен рахметін жаудырар.
729. Әммә – әлде, не, немесе.
730. уақиғ – бір істің болуы.
731. иғтибар – құрмет, ізет.
732. шуһур – айлар.

733. фәләк – аспан.
734. духулі – кіруі.
735. тәсәдәф – тура келу, дәл келу.
736. әууәлі – бірінші.
737. мәғлум – белгілі.
738. һиләк – жоғалу, құру.
739. Құран – Мұхаммад ғәлейһис сәләмға түсірілген. Құран кәрім сүре, аяттан тұрады. Екі тыныс белгісі арасын бір аят дейді. әлі күнге дейін Құранның бір әрпі өзгермеген. Дүние жүзінде барлық құран бірдей. Қиямет күніне дейін ол Аллаһтың қорғауында болып, мүлдем өзгермейді.
740. пайғамбар – Пайғамбар (нәби) өзінен алдыңғы елшінің шарифатын жалғастырып, халықты ақиқатқа үндейтін Аллаһтың таңдаулы құлы.
741. Жәбрейіл – періште есімі.
742. Икра Бисмиллаһ – Аллаһ атымен оқы.
743. Хадиша – Хазіреті Хадиша – пайғамбарлар сұлтанының (с.а.у.) пәк, ар-намысы таза, адамгершілігі мол өмірлік жан серіктерінің алғашқысы еді.

Арабтардағы ең беделді тайпа Құрайыш тайпасы болса, ол сол тайпаның ең текті отбасыларының бірінің перзенті болатын. Әкесінің аты – Хуәйлид, анасының аты – Фатима. Хадиша анамыздың шежіресі әке жағынан пайғамбарымыздың бабасы Құсайға, шеше жағынан пайғамбарымыздың аталары Луәйге келіп тірелетін.

Құрайыш қыздарының ішінде көргендігі, көркемдігі, ибалылығы мен дәулеті жөнінен ерекшеленетін Хадиша жәһилия кезеңінің өзінде тахира, яғни «пәк арлы әйел» атағына ие болған.

Дәулетті Хадиша саудамен айналысып, жыл сайын Шамға керуен жөнелтетін. Мұхаммед Мұстафаның (с.а.у.) сенімді, тәрбиелі, ісіне адал жан екенін естіп білін, оған Шамға баратын сауда керуенін басқаруды ұсынды. Аманатқа қиянат жасамайтын Мұхаммед әмин (сенімді) (с.а.у.) бұл ұсынысты қабылдап, Шамға аттанып кетті. Керуен үш ай жол жүріп, соңында Шамға табан тіреді. Меккеден әкелінген заттар сатылып, қажетті тауарлар алынды. Осылайша, керуен қайтадан Меккеге аттанды. Бұл жолғы керуен бұрынғыларға карағанда екі есе көп пайда түсірген еді. Осы керуен сапарына

хазіреті Хадишаның қызметшісі Майсара да қатысты. Майсара жол бойы Мұхаммедтің (с.а.у.) жайдары мінезді, байсалды, шыншыл, еңбекқор әрі тындырымды жан екеніне куә болып, оралған бетте Хадиша анамызға оны аузынан суы құрып мақтап бітіре алмады. Осы әңгімеден кейін Хадишаның жүрегінің терінен адамзаттың ардақтысына (с.а.у.) деген сенім мен сүйіспеншілік орын алды. Көп ұзамай текті Хадиша оған тұрмысқа шығу жөніндегі ұсынысын жасады. Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) Әбу Тәлибке жағдайды баяндады. Әбу Тәлиб барып, Хуәйлидқызы Хадишаға құда түсті. Екі жақ келісін, Хадишаның үйінде той жасалды. Хазіреті Мұхаммед (с.а.у.) пен Хадиша анамыздың некесі қиылды. Бұл кезде пайғамбарымыз (с.а.у.) – 25 жаста, Хадиша анамыз (р.а.) 40 жаста болатын.

Олардың Қасым, Зейнеп, Рукия, Үммүгүлсім, Фатима және Абдуллаһ деген алты перзенті болды. Қасым мен Абдуллаһ кішкентай кезінде Меккеде қайтыс болды. Пайғамбарымыздың хазіреті Фатимадан басқа перзенттерінің бәрі Өзінен бұрын бақиға аттанды. Пайғамбарымыз дүние салған соң алты ай өткенде Фатима анамыз сүйікті әкесінің қасына кетті.

Бұл отбасы Меккедегі ең бақытты, ең үлгілі шаңырақ еді. Хадиша анамыз жұбайын әрдайым құрметтеп, отбасының пірі санайтын. Хазіреті Хадиша ислам шуағын жаю жолындағы ислам тағдырының пышақ үстіндегі алғашқы жылдарында бар мүлкін Аллаһ расулының жолында жұмсаудан аянбады. Қиын-қыстау күндерде оны шын ниетімен қолдап, көңіліне медеу болған бар байлығын ислам жолында жұмсап, мұсылмандарға демеу берген осы асыл жар – Хадиша кубра еді. Бар байлығын Аллаһ жолына сарп еткен мүминдердің анасы Хадиша кубра (р.а.) қайтыс болар кезде артында тігерге тұяқ қалмады. Осындай жанкештілігі үшін де ол Аллаһтың сәлеміне, пайғамбарымыздың мадағына ие болды. Бір күні Жәбрейіл періште келіп, пайғамбарымызға былай деді: «Аллаһ Хадишаға сәлем жолдайды. Жәннатта інжуден жасалған салтанатты сарайдың. Сол үшін әзірленгенін айтып, сүйіншіле. Ол жерде күйбең тіршілік жоқ, жан рахаты бар». Пайғамбарымыз (с.а.у.) Хадиша анамызға Аллаһтың сәлемін жеткізгенде, ол Аллаһтың сәлемін үлкен қуанышпен қабыл алып, өзінің де сәлемін жолдайды. Мүминдердің

анасы Хадиша кубра, пайғамбарымыз Меккеден Мәдинаға көшерден үш жыл бұрын 65 жасында дүние салды.

744. икrap – бекіту, берік қылу.

745. Әли – Негізгі аты – Әли ибн Әбу Талиб ибн Әбул-Мутталиб ибн Хишам ибн Абди Манап ибн Құсайи ибн Киләб ибн Муррә ибн Кағб Луей әл-құрайши әл-хашими. Ол – хижрадан жиырма жыл бұрын дүниеге келген пайғамбарымыздың (с.а.у.) ағасы Әбу Талибтің шаңырағындағы кенже ұл. Хазіреті Әли төрт ұл мен тоғыз қыздың әкесі. Бұлардың арасындағы пайғамбарымыздың «олар – менің дүниеде иіскеп сүйген екі райханым» деген ұлдары хасан мен Хусейін қыздары Зейнеп пен Уммгүлсім Аллаһ елшісінің (с.а.у.) қызы фатима анамыздың құрсағынан шыққан. Фатима анамыздың көзі тірісінде ол екінші рет үйленбеген.

Мүминдердің әміршісі, жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі, *пайғамбарымыздың (с.а.у.) күйеу баласы, Аллаһтың арыстаны, ғылым қаласының қақпасы* ретінде танылған төртінші халифаның ғұмыры дастанға толы. Оның шыншылдығы, батырлығы, расулаллаһқа (с.а.у.) жақындығы, тақуалығы және парасаттылығы кейінгі ұрпаққа өнеге. Бойындағы өшпес иманы мен мұқалмас жігері жағынан да сахабалардың арасында орны ерекше. Пайғамбар-ымыздың (с.а.у.) ғұмыр кешкен уақытындағы маңызды соғыстарға катысып, сайыпқыран батырлықтың үлгісін көрсетті. Пайғамбарымыз жанындай жақсы көрді. Ол (с.а.у.) дүние салғаннан кейін де хазіреті Әли бүкіл ғұмырын исламды жаю және сақтау жолында жұсап, кейінгі ұрпаққа қызыға қарап, тамсана тындар тарих қалдырды.

«Аллаһтың арыстаны» Али (р.а.) көп балалы отбасында дүниеге көзін ашты. Әкесі Әбу Талибтің олардың барлығын бірдей асырап-сақтауға жағдайы келмегендіктен ол пайғамбарымыздың (с.а.у.) бақытқа толы, нұрлы отбасында өсті.

Оның халифалығы төрт жыл тоғыз айға созылды. Хижра жыл санағының қыркыншы жылы, рамазан айының он жетісінде, жұманың таңында, таң намазын оқуға шыққан хазіретті Әлиді харижит Абдуррахман ибн Мулжәм ұлы қылышымен басынан жарақаттауының салдарынан алпыс үш жасында Әли де өтті дүниеден Ислам үмбеті арыстан жүректі, даналық дариясы Әлисіз қалды...

746. Әбу Бәкір – Хазіреті Әбу Бәкір пайғамбарымыздан (с.а.у.) бір-неше жас кіші. Оның әкесінің аты Осман болса да, Абу Кухафа деген атпен танымал еді. Анасының есімі бүкіл жақсылықтардың анасы дейтін мағынаға сыйятын Уммулхайр, жұбайының есімі – Умму Румман, одан бұрын Асма бинт Умейске үйленген еді. Әбу Бәкір үш қыз бен үш ұлдың әкесі болды.

Ислам дінінің пайғамбарымыздан (с.а.у.) кейінгі ең ардақты тұлғасы – Әбу Бәкір (р.а.). Ол ислам діні жолында жанын да, малын да пайда етуімен, туралық және шынайылығымен басқаларға жарқын үлгі болды. Бүкіл ғұмыры биязылық жомарттық, жанкештілік тәрізді адамдық асыл қасиет еркектеріне толы.

747. Зәйд ибн Хәрс – сахаба.

748. Әбу Жәһил – Аты Амр ибн Хишам. Құрайш оған Абухакім атын берген, мұсылмандар Абужаһил атаған. Исламның және Пайғамбарымыздың басты жауы. Мұсылмандар оның қолынан да, тілінен де көп қорлық көрді. Ғаммардын шешесін өлтірін, қолын қанға батырған. Бадыр соғысында өлген. Пайғамбарымыз Қағбада намаз оқып жатқанда Абужаһил түенің оқ қарнын үстіне тастаған.

749. Расул – елші.

750. Әмина – пайғамбарымыз Мұхаммад (с.ғ.с.) анасы.

751. уахи – аян. Аллаһ тарапынан жіберілген нұсқаудың түрліше жолмен пайғамбарға жеткізілуі.

752. Құдіске – көне Ақса мешіті. Ақса – Құдыстағы көне Сүлеймен ғибадатханасы орналасқан жерге салынған мешіттің аты. Мешіт Ақса «күнәлардан тазару» деген мағынаны беретін Бәйти мақдис сөзімен де аталған. Ақса мешітіне ең алыс мешіт мағынасындағы осы атау Меккедегі Мешіт Харамға жаяу жүріспен бір айлық қашықтықта орналасуына байланысты берілген. Хазіреті Пайғамбар (с.ғ.с.) миғраж түнінде «Пыраққа міндім, Бәйтул Муқаддиске бардым» деген. Құлшылық ниетімен зиярат етілген үш мешіттің бірі осы Ақса мешіті.

753. нәфіл намаз – қосымша намаз.

754. Барақ аттан – пайғамбарлар мінген қашырдан кішірек, есектен үлкендеу мініс көлігі.

755. ұжмақ – жәннат.

756. миғраж – Аллаһ Тағала миғраж мұғжизасы жайлы Ысра сүресінің ең басқы аятында былай бұйырған: «кұлың (Мұхаммед (ғ.с.) ды) бір түні өзіне белгілі мерзімді көрсету үшін месжід харамнан біз айналасын мүбарак қылған масжід Ақсаға апарған Аллаһ Тағала әртүрлі кемшіліктен пәк. Шексіз Ол естуші, көруші». Және хазірет Пайғамбарымыз Мұхаммед (ғ.с.): «Түн қату туралы құрайштар мені өтірікші дегенде (қағбаның жанындағы) «Хажар» деген орында тұрдым. Аллаһ Тағала Бәйтул Муқаддасты көз алдыма келтірді. Соған карап оларға, оның белгілерін айтып бердім» деп бұйырған.
757. жамағат – көпшілік.
758. Уаллаһи – ант ету сөздері. Яғни «Аллаһ атымен ант етем» деген сөз.
759. мунафик – екі жүзді. Сырт көзге мұсылман сияқты көрінгенмен, ақиқатында олардың қатарында емес еді. Ал іс амал мұнафиқты Аллаһ елшісі (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Мұнафиқтың белгісі үшеу: сөйлесе, өтірік айтады, уәде берсе, орындамайды, аманат етілсе, қиянат қылады», – деп түсіндірген.
760. періште – Аллаһ тағала нұрдан жаратқан Оның бұйрықтарын бұлжытпай орындайтын саналы мақлұқ.
761. әнбиә – пайғамбарлар.
762. Субхәнәл ләзи – құдайға мақтау.
763. сүннәт – парыз бен уәжіптен бөлек Аллаһ елшісі (с.а.у.) жасаған, және жасаңдар деген, әрі жасалуына ризалығын білдірген іс-әрекеттер.
764. Қағбада – мұсылмандардың қасиетті қыбыласы болған Қағба, адамзат тарихында ең алғаш құлшылық орны болғанын Құранда: «Шындығында адам баласы үшін Меккеде алғаш салынған құлшылық орын, күдіксіз бүкіл әлемге мүбарак және тура жол көрсетуші үй (Қағба)» Әл Имран сүресі, 96-аят.
765. Мүмин – иман келтірген. Бұл сөз термин ретінде иманның алты шартына сеніп, Аллаһтың және пайғамбардың (с.ғ.с.) бұйрық тыйымдарын сақтап, үлкен күнәлардан аулақ бола жүріп игі амал істейтін адамға қолданылады. Оның дәрежесі жай мұсылманнан биік.

766. мұғжиза – оны тек пайғамбарлар ғана жасайды. Аллаһ тағала пайғамбарларына берген, басқа адамдар қолдарынан келмейтін нәрсе, керемет. Ал әулиелерде керемет болады. Яғни кішкене сумен жүздеген әскердің шөлін қандыру. Оны кейбір пайғамбарлар жасады осыны мұғжиза дейді.
767. қасир – қысқа.
768. Әбу Талиб – пайғамбарымыз Мұхаммад (с.ғ.с.) кіші атасы.
769. Мекке – мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда Қағба бар, бас мешіт Масджид әл Харам орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың отаны. Арабтардың ежелгі мәдени орталығы. Мұсылман аңыздары бойынша мұнда бірсыпыра уақыт Адам ата мен Хауа ана, Шис, Ибраһим, Исмаил пайғамбарлар тұрған.
770. Пұт, бұрқан – қолдан жасалған құдайлар.
771. жуһутләр – еврейлер.
772. бақи – мәңг.
773. Тамукка – тозақта.
774. ғазаб – азаб.
775. кади – қазы.
776. Жаббар Құдай – Ұлы құдай.
777. Мақшарда – қиямет қайымда жиналатын жер.
778. мизан – таразы.
779. Таурат – Мұса пайғамбарға түскен кітап.
780. Инжил – Исаға (а.с) түскен кітап. Інжіл «сүйінші, тағылым» деген мағыналарды білдіреді.
781. Мұса – Яхуди дінінің Пайғамбары.
782. Бани Израил – тайпаның аталуы.
783. ғарқ – бату.
784. уағда – уәде.
785. уахи – аян. Аллаһ тарапынан жіберілген нұсқаудың түрліше жолмен пайғамбарға жеткізілуі.
786. «Бисмиллаһ» – Аллаһ атымен бастаймын.
787. мағлум – белгілі.
788. «лә иләһә иллә аллаһ мухаммад расул аллаһ» – Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Алланың құлы және елшісі.
789. яһуд кәлимә – еврей сөзі.

790. Мәдине – Мәдина ислам төңкерісінің орнығуы мен таралуының орталығы болды. Ислам шуағын тарату орталығы болған бұл қала Мәдина Мунаура (нұрлы қала) деп аталды.
791. ғарға – үңгірге.
792. Ғамар – Аллаһ елшісінің ислам шуағын жаһанға жаю жолындағы толассыз күресінде оған ең жақын болған сахабалардың бірі. Екінші халифа Омар ибн Хаттаб. Ол ислам тарихында белгілі піл оқиғасынан он үш жыл бұрын Меккеде дүниеге келген, Құрайыштың ади тайпасынан шыққан Омардың әкесінің аты Хаттаб ибн Нуфәйл, шешесі құрайыштың Махзұн тайпасынан шыққан Хантама бинт Хашим. «Менен кейін пайғамбар келер болса, ол Хаттабұлы Омар болар еді» (хадис).
793. сахаба – арабшадағы схб түбірінен туындаған көпше түрдегі есім сөз, жекеше түрі – сахаби. сахаба (етістігі) серік, жолдас, дос болу және сұхбаттасу деген мағынаны білдіреді. Мейлі аз, мейлі көп болсын сұхбаттасқан адамға осы есім беріледі.
- Терминдік мағынасына келсек, Аллаһ елшісін (с.а.у.) көрген, аз уақыт болса да оның сұхбатын тыңдап, иман келтірген және дүниеден иманды өткен сахабаға жатады.
794. Масжид харам – харам мешіті. Меккені айтады. Еш харамдық іс істелмейді. Оның ішінде ағаш, маса өлтіру харам боп есептеледі.
795. Аюб Ансар – Мединалық Пайғамбарымыздың серіктесі.
796. Иншаллаһ – Аллаһ қаласа.
797. Бадарның ғазасына – Бадар соғысы.
798. насрат – көмек.
799. Бәдір – Мәдинаның оңтүстік-батыс жағына қарай 150 км қашықтықта құдықтары бар жер.
800. Хамза – сахаба. Пайғамбардың немере ағасы.
801. Убайда – сахаба.
802. уафи – жақын, шынайы.
803. машһур – атақты.
804. мушрикті – Аллаһқа серік қосушылар.
805. кәлимаға – «лә иләһә иллаллаһ» деген сөз.
806. ибн Масғуд – Әбу Абдурахман Абдуллаһ ибн Масғуд алғаш иман еткендердің ішінде алтыншы болып мұсылмандықты

кабыл-даған бақытты жандардың бірі. Бала кезінде Әбу Жәнил, Уқба ибн Муайт сияқты азулы мүшріктердің қойларын бағатын.

Ғаламның рақым нұрымен (с.а.у.) танысқаннан кейін оның қасынан көлеңкесіндей екі елі айырылмай еріп жүретін еді. Суффа асхабынан болған Абдуллаһтың Аллаһ елшісіне жақындығы сондай, пайғамбарымыздың нұрлы шаңырағына қалаған кезінде еркін кіріп-шығатын. Оны көргендер әнли бәйттен (пайғамбарымыздың туысқаны) деп ойлайтын. Аллаһ елшісіне (с.а.у.) қызмет жасап, одан көп нәрсе үйренді.

Адамзаттың ардақтысы (с.а.у.) оны ибн Умми ‘Абд дейтін. Пайғамбарымыз ол жайлы: «кімде-кім құранды жаңа түсіп жатқан кезіндегідей оқығысы келсе, оны ибн Умми Абдтің қырағатымен оқысын» деп, құран оқудағы қасиетін жоғары бағалайтынын білдірген еді. Хазіреті Абдуллаһ қоңыр даусымен құранды мүшріктерге жария етуден қорықпайтын. Бар әлемге жалғыз өзі төтеп беретіндей иман күшіне ие болған Абдуллаһ Мекке мүшріктерінің алдына шығып дауыстап құран оқыды. Оның бұл қылығы намыстарын қытықтаған мүшріктер естерін жиып, оны соққыға жықты. Алайда олардың таяғын шыбын шаққан құрлы көрмеген ол, осы әрекетін қайталамақ болғанда қасындағы басқа сахабалар оның етегінен басып, жеңінен тартқылап, жібермей ұстап қалды.

Абдуллаһ ибн Масғуд пайғамбарымыздың үйінде тәрбиеленді. Аллаһ елшісі арқылы ақиқатқа көзі ашылып, оның қасиеттерін бойына сіңірген еді. Хазіреті Әбу Хузайфа оның жүріс-тұрысы, өмір сүруі, жол көрсетіп, адамдарға ақиқатты үйрету тұрғысынан және мінезі жағыннан Аллаһ расулына (с.а.у.) ең қатты ұқсайтын сахаба екенін айтады.

Хазіреті Абдуллаһ – құран ілімдері (улумуль-қуран) мен фикһ саласының аса білімдар ғалымы. Хазіретті Омар оны Куфаға мұғалім етіп жіберді. Куфалықтар одан хадис және фикһ саласы бойынша тәлім алды. Ол бір мәселенің шешімі бойынша нақты дәлел (құран аяты немесе хадис) *насс* болмаған жағдайда *рай* (ақылды қолдану арқылы дәлел келтіру) арқылы шешу жолын таңдаған. Міне, сондықтан Куфалықтар мен Басралықтар *рай фикһ*. мекебінің қағидаларын ұстанды. Әбу ханифа да осы мектепке қарайды. Хазіретті Омармен

Османның дәуірінде Куфада әкім болып, хижраның 32-ші жыл санауында Мадинада қайтыс болды.

807. Ғаббас – Пайғамбардын немере ағасы.

808. хазірет Омар – Аллаһ елшісінің ислам шуағын жананға жаю жолындағы толассыз күресінде оған ең жақын болған сахабалардың бірі – екінші халифа Омар ибн Хаттаб. Ол ислам тарихында белгілі піл оқиғасынан он үш жыл бұрын Меккеде дүниеге келген Құрайыштың ади тайпасынан шыққан Омардың әкесінің, аты – Хаттаб ибн Нуфәйл, шешесі – құрайыштың Махзун тайпасынан шыққан Хантама бинт Хашим.

Омар ибн Хаттабтың мұсылман болмастан бұрынғы өмірі жайлы толық мәлімет жоқ. Әйтсе де, бала кезінде әкесінің, малын бағып, кейіннен саудамен айналыскандығы мәлім. Ол Сирияға катынайтын сауда керуеніне қосылатын Қараңғылық дәуірінде Меккенің, белді адамдарының қатарында болып, Меккеліктердің елшілік міндетін атқаратын Соғыс шығар жағдайда қарсы жаққа Омар жіберіліп, оның берген мәліметі бойынша шешім қабылданатын Ру-тайпалар арасында туған келіспеушіліктің шешілуінде оның рөлі күшті болатын Сонымен қоса, ол оқу-сызуды, араб шежіресін білетін және сөзге шешендігімен де танылатын

Омар ибн Хаттаб мұсылман болмастан бұрын өзі өскен қоғамының әдеттері бойынша өмір сүріп, сол кезеңнің салтын берік ұстанатын Түйелермен күресіп, әркіммен бір ерегесетін қызба, ожет, батыр және өте қатыгездігімен танылып қалған Бірақ мұсылман болғаннан кейін оның бойындағы бұл қасиеттері иман нұрына шомып, мүлдем басқа түске өзгерді. Мұсылман болғаннан кейінгі қалған өмірі адамзатты таң қалдырарлық дастанға айналды.

Мекке қаласында дүниеге келген Омар ибн Хаттаб пайғамбарымызға уахи түскен кезде жиырма тоғыз жаста болатын Уахидің келе бастағанына алты жыл өтсе де, ол мүшріктердің қатарында жүрген еді. Яғни, өмірінің, отыз бес жылын Жәнилия қараңғылығында өткізсе, қалған отыз жылын мұсылман болып өткізді.

Әлемді пайғамбарлық шұғыласының бөлегеніне алты жыл толған шірк пен таухид арасындағы күрес күн өткен сайын күшейе түскен-ді. Мұсылмандардың қатары көбейген сайын мүшріктердің зұлымдықтары мен сұмдықтары қатерлі сипат ала бастаған еді. Олар

ардақты елшіні (с.а.у.) өлтіруге шешім қабылдады. Ал, бұл уақытта мұсылмандардың саны әлі қырыққа да жетпеген Аллаһ елшісі (с.а.у.) де мұсылмандар санының көбеюін Аллаһтан сұрап дұға ететін бір күні ол (с.а.у.) мүшріктердің арасында күшті, халық арасында беделді қос Омардың екеуінің, біреуі мұсылман болуы үшін:

«Аллаһым, исламды Омар ибн Хишам (абу жәнил) немесе Омар ибн Хаттабпен қуаттандыр!», – деп дұға етті.

Осылайша, бүкіл ғұмырын халқының игілігіне арнаған халифа өзінің ең жақсы көрген және соларға ұқсауға тырысып баққан екі жан досының жанына жерленді.

Хазіреті Омар бірнеше рет үйленін, балалы-шағалы болған балаларының ішінде төртеуі танымал болды. Олар: пайғамбарымыздың (с.а.у.) жұбайы, муминдердің анасы болған – хазіреті Хафса (р.а.), кеменгер, әрі хадис ғалымы Абдуллаһ ибн Омар, қаһармандығымен ислам жолында қызмет еткен Убайдуллаһ, парасатымен және тақуалығымен мәшһур – асым.

Әбу Бәкірден (р.а.) кейін халифа болып сайланған Омар Фарук мұсылмандарды он жыл басқарды. Оның кезінде ислам мемлекетінің жер олшемі 2 251 030 шаршы кмге жетті. Ислам мемлекетінің осылайша кеңеюіне жалпы сол кездегі мұсылмандардың дінді жаюдағы шын ықыластары мен құлшыныстары, шейіт болу, Аллаһтың ризашылығына бөлену құштарлықтары себеп болған еді. Хазіреті Омардың (р.а.) халифа ретінде ел басқару саясатында үлкен рөл атқарғандығы ақиқат. Ел басқару ісінде ол мынандай жаңалықтар енгізген болатын:

1. Мемлекетті басқару үшін кеңес мәжілісін құрды. Бұл мәжіліске халық арасында абыройға ие болған адамдарды шақырған хазіреті Осман, Али, Абдуррахман ибн Ауф, Муаз ибн Жәбәл, Зәйд ибн Сәбит, Убай ибн Қағб (р.а.) сияқты атақты сахабалар осы мәжілістің тұрақты мүшелері еді.

Мемлекетті әкімшіліктерге бөлді.

3. Мемлекеттік мекемелердегі қызметкерлер үшін жаңа жобалар жасады. Қызметкерлердің жалақысын көтерді. Әкімдерге халыққа ұнамайтын әрекеттерге бармаулары жайлы ант қабылдатты. Қызметкерлерден қызметке алынған кездерінен бастап мал-мүліктері жайлы мәлімет алынып, сол жылдардың ішінде мал-мүлкі тез

арада көбейетін болса, жауапқа тартылатындықтарын, әкімдердің жыл сайын қажылыққа келген кездерінде халықпен кездесулерін, егер бір қызметкердің үстінен арыз жазылса, істің, анық-қанығына көз жеткізу үшін үш адамнан тұратын комиссия құрылып, тексеру жүргізетінін мәлімдеді.

4. Экономика саласындағы жаңалықтары: соғысып алынған жерлерді мемлекеттікі деп жариялап, оны жергілікті халықтың қолында қалдырып, салықты азайтты. Бұл адамдардың салықты төлеуін арттырып, басқа жерлердің де алынуын тездетті.

Әділет жүйесін орнатуы;

6. Исламдық жазалау құқығын ретке келтірді. Ол алғашқы түрмелерді құрды;

7. Тұрақты және тәртіпті әскер құру ісін қолға алуы;

8. Мұсылман емес шет елдіктердің мұсылман мемлекеті аймағында сауда жасауларына рұқсат берді;

9. Ешкімі жоқ және қартайып, әлсізденген яһудилер мен христиандарға айлық тағайындады;

10. Жыл санауына хижраны негіз етіп алып, мұсылманша жыл санауды бастатты.

Мемлекеттің басты қызметінің бірі-білімді жаю екенін жақсы білген Омар алынған жер-жерде мектептер ашып, сол жерлерге құран және ислам дінінің негізгі заңдылықтары мен өмір салтын үйрету үшін мұғалімдер жіберді. Мұғалімдердің қызметтерін мінсіз атқаруы үшін жоғары мөлшерде жалақы тағайындады.

Әрине, хазіреті Омардың (р.а.) енгізген жаңалықтары мұнымен ғана шектеліп қалмаған, ол басқару ісін жақсы меңгерген, парасатты, көреген жетекші рухты еді. Жетекшінің бойынан табылатын бүкіл сипаттарға ие болатын соншалықты кең аймаққа ие болған мемлекетті басқарып тұрғанына қарамастан, өте қарапайым ғұмыр кешті. Мұншама байлық пен билік оны масайратпады. Туған-туысының қамын емес, халқының қажеттілігін қамтамасыз етуге малын да, жанын да аямады.

809. Шәһид – Аллаһ жолында қайтыс болған адам, шейіт. Шәһидтер пайғамбарлар мен шыншылдардан кейінгі дәрежені иемденеді.

810. риуаят – хадистердің жету жолы. Риуаят ету – жеткізу.

811. нардан – оттан.

812. мирас – мұра.
813. Әл ияум әкмәлту – бүгін сендерге аяқтадым.
814. Бақиға бұ фәнидан – бұл уақытша дүниеден мәңгілікке.
815. мискин – кедей, пақыр.
816. ихтиләм – әлсіреу.
817. Мағриб пен машрикны – батыс пен шығыс.
818. сахаба – пайғамбардың (с.ғ.с.) көз көрген және сол сенімде дүниеден өткен мұсылман адам. Пайғамбардың (с.ғ.с.) жанында жүрген ізбасарлары.
819. фи сәбиллллаһ – Аллаһ жолында.
820. фәрихин – қуанушылар.
821. «мин фәдлиһи» – оның «Аллаһ» рұқсатымен.
822. Әбу Зар радиаллаһу ғәнһу – Азан шақырып қойған аты – Жундуб ибн Жунәд болған Әбу Зәrr руының қызба әрі жаужүрек адамы еді. қараңғылық кезеңінде керуендердің жолын торумен аты шыққанды. Жол тору Ғифар руының ата кәсібі еді. Әбу Зәrrдің атын естігенде ұйқыдағы адамдар шошып оянатын болған.
- Әбу Зәrr күндердің бір күнінде күрт өзгеріні, жол тору кәсібін тастап, һанифтік дінін қабылдады. Ислам әлі пайда болмаған кездің өзінде Аллаһтың жолына түсті. Сонымен қатар, Әбу Зәrr жәһилияның дәуірлеген кезінде де пұтқа табынуды ерсі санап, жатса-тұрса ақиқатты іздеумен болған арабтың атақты шайыры еді.
- Болмысынан туралықты жақтайтын сахабалардың бірі еді. Заңсыздық пен әділетсіздікке жаны шыдамайтын. Өзінің ойының дұрыстығына көзі жетсе қарсы алдында халифа болса да, табан астында тартынбастан айтып салатын. Туралығы мен тым тақуалығын көпшілік түсіне бермейтін. Аллаһ елшісінің (с.а.у.) айтқанындай ол жалғыз өзі осы рәббәнә ауылында дүние салды. Артында әйелі мен қызы қалды. Әбу Зәrrдің ұлы өзінен бұрын қайтыс болған еді.
823. Мағауия ибн әбу Суфиян – Али халифадан кейінгі Халифа.
824. һижрат – қоныс аудару, көшу. Пайғамбар (с.ғ.с.) мен мұсылмандардың Ислам дінін сақтап қалу мақсатында Меккеден Мәдинаға қоныс аударуын көрсетеді. Пайғамбар (с.ғ.с.) қоныс аударған 622 жылдың 1 – мухаррамынан бастап мұсылмандардың өз жыл санағы енгізіліп, бұл һижра жыл санағы деп аталады.

825. «әлмәл мәл әлмуслим» – байлық мұсылмандардың байлығы.
826. Мустахиқ – лайық.
827. Әнфәк – ақша жұмсау.
828. тәклиф – мазалау.
829. ләкин – бірақ.
830. уәжиб – орындалуы дәл парыз секілді талап етілмеген, бірақ қуатты дәлелдермен анықталған іс-әрекет пен уазипалар. Мысалы: құрбан шалу, үтір және айт намазын оқу, т.б. уәжіптің үкімі парызға ұқсас. Яғни, орындалса, сауап алады. Орындамаса, ақиретте азап бар.
831. ләзим – керек.
832. сарф – грамматиканың сөз формаларын зерттейтін бөлімі.
833. Ғылым тахсил – ғылым жеткізу.
834. қабилалар – тайпалар.
835. зиярат – бару, көру.
836. зиһн уа басиратны – ойлау және көру.
837. муафик – келісу.
838. иғтибар – сый-сияпат.
839. шағирлар – ақындар.
840. хақимлар – басқарушы, билеуші.
841. ихтирам – құрмет, ізет.
842. тәклифсіз – тапсырмасыз.
843. ләтиф – жұмсақ.
844. тәсәууф – сопылық.
845. Сәнә – жыл.
846. дафғ – рет.
847. Расул әкрәм мәсжидне – пайғамбарымыздың Мединедегі мешітінде.
848. Жиһад – сөзінің тілдік мағынасы – «күрес», қайраткерлік, «бар күш-жігерін жұмсау» дегенді білдіреді. Ал оның шарияттығы терминдік мағынасы Ибн Хажар әл-Асқалани: «Жиһад дегеніміз – кәпірлерге қарсы күреске күш-жігер жұмсау. Сондай-ақ бұл сөз өз нәпсісімен күресу, шайтанмен күресу, зұлымдықтармен күресу мағыналарында да қолданылады. Нәпсімен күресу, ол діп істеріне қатысты ілім үйрену мен алған ілімді амалға қолдану және бұл ілімді басқаларға жеткізуде

көрініс табады. Шайтанмен күресу болса, ол шайтан адам көңіліне салатын күмәнділарға және шайтан әдемі көрсеткен шакуаттар мен ләзаттарға қарсы тұрудан тұрады. Кәпірлермен күрес қолмен (яғни, соғыспен), қаржылай, тілмен не жүрекпен (яғни олардың әрекеттеріне қатысты ашық немесе құпия тілмен не жүрекпен көзқарасты білдіру арқылы) іске асады. Ал зұлымдылықтармен күрес алдымен қол (яғни күш, қуат), сосын тіл, сосын барып жүрек арқылы болады.» – деп түсіндіреді. Демек, жиһад тек қарулы соғыстан тұрмайды, оның ауқымы кең. Ал қарулы соғысқа келсек, ол шынайы ниет, түзу мақсатта ғана дұрыс боп табылады. Бұған қоса қарияларды, әйелдер мен балаларды және бейбіт дін қызметкерлерін өлтірмеу сияқты бірқатар тыйымдарды ұстану тиіс.

849. әнһәр – дариялар.

850. инсанды – адам баласын.

851. тариқат – Сопылықтың бір жолын таңдау керек. Яғни Аллаһты білген соң, сенген соң, шарифаттың үкімдерін орындаған соң, Аллаһтың мейірбанына жету үшін тариқат жолымен зікір істеп Аллаға жақындау керек.

852. табиғин – ерушілер.

853. тақдир иләһи – құдай тағдыры.

854. жәһилдер уа ғафилләр – надандар және ақылсыздар.

855. ғард – мақсат.

856. салатун – бұл сөздің араб тіліндегі тілдік мағынасы «дұға ету» немесе «жақсы дұға жасау». Бұған Аллаһ Тағала: «Оларға дұға ет. Өйткені, сенің дұғаң олар үшін бір тоқтау» Тәубе сүресі. 103-аят деген. Құран аяты дәлел бола алады. Ал, бұл сөздің ислам шарифатындағы мағынасы тәкбірмен басталып, сәлеммен аяқталатын, арнайы әрекеттер мен сөздерден тұратын құлшылыққа айтылады. Бес уақыт намаз оқу мұсылмандарға миғраж түнінде парыз болған. Жалпы, намаз өтеудің парыз болуы құран аятымен, пайғамбарымыздың, сүннеті және ижмамен бекітілген. Намаз балиғатқа толған, ақыл-есі дұрыс мұсылманға парыз. Әбу хурайра риуаят еткен хадисте Пайғамбарымыз: «Қиямет күні пенденің амалдарынан ең алдымен есепке тартылатыны – оның намазы. Егер оның намазы

дұрыс болса, онда оның құтылып, игілікке қол жеткізгені. Ал, егер намазы дұрыс болмаса, онда ол қасіретке ұшырап, қайғыға душар болғаны» – деген.

Сондықтан намаз мұсылмандар үшін өте маңызды бір ғибадат болып есептеледі. Бір күн, бір түн ішінде, яғни бір тәулікте бес уақыт намаз мұсылмандарға парыз.

857. «иә тәхрику саләуин» – намаз оқу әрекеті.

858. мүләхәзә – бақылау.

859. аят кәримнен мағлум – құран аяттарынан белгілі.

860. қалбнің хушуғ уа худуғ худурымен – жүрегінде қорқыныш, үрей болуымен.

861. фикр, зикрі – ойлау, еске алу.

862. шайтан ғалейһил ләғин – оттан жаратылған. Хактан ұзақтасқан, әмірге қарсы келген, азғырушы, Ібіліс деп те атайды.

863. «Бисмиллаһи Аллаһу акбар – мал сояр алдында осы сөздерді міндетті түрде айту қажет. Мағынасы: «Аллаһ атымен бастаймын. Аллаһ ұлы».

864. Құрбан – Аллаһқа жақындау мақсатында мал сою үрдісі.

865. ғайд – мереке.

866. Тәкбир тәхримнің – намаз алдында құлақ қағып «Аллаһу акбар» деп намаз бастау.

867. фиғлдан мәниғ – істерінде кедергі.

868. Дунәуи уа нәфсәни – дүниәуи және рухани.

869. «әттәхримәт әлулә хәйр мин әддуниә уа мә фиһә» – Қысқа жолд дүниемен ондағысынан жақсы.

870. «мә сәуә» – тек қана.

871. нәфи – тыйым салу.

872. Ибраһим Халиуллаһ – Ибраһим, Ыбыраим, Авраам – Құран Кәрімде аты аталған пайғамбар. Ең көп тараған есімі – Халилуллаһ («Алланың досы»), оны «Имам», «Сыдық Ханиф» деп те атайды. Құран Кәрімде Ибраһимнің өмірі мен қызметі туралы бірнеше рет егжей – тегжейлі баяндалған. Ол жастайынан-ақ өзінің тайпаластары мен әкесі Азар табынған пұтқа сенудің мәнсіздігін түсінеді. Ибраһим әуелі Күнге, Айға, Жұлдыздарға сенеді, сонан соң бір Аллаһқа деген сезімі оянады. Ибраһим өзінің сезімін әкесіне және халқына түсіндіре алмайды;

сонан соң қасиетті орындарға кіріп, бірнеше пұтты зақымдайды да, келгендерге мұны ең басты пұт жасады дейді. Олардың өз сөзіне сенімсіздігін пұтка сенімдерінің жалғандығынан деп түсіндіреді, бірақ Ибраһимнің уағызын олар түсінбейді. Ибраһимді патшаларына алып барады, ол Ибраһимді өртеп жіберуге бұйырады. Алайда Аллаһ өзінің пайғамбарын, оған сенген Лұтпен бірге құтқарып қалып, Палестинаға апарып қоныстандырады. Бірде Ибраһимге Лұт орныққан қаланың опасыз тұрғындарын жазалауға бара жатқан періштелер келеді. Олар Ибраһимге өзінің және әйелінің қартайғанына қарамастан ұлды болатынын хабарлайды. Ибраһим өзінің ұлы Исмаилмен бірге Меккедегі әл-Қағбаны салады. Ибраһим Аллаһтан өзінің өлігіе жан бітіретін қасиетін көрсетуді сұрайды. Оған төрт құстың қалдығын төрт тауға апарып қою тапсырылады. Аллаһ Тағала шақырғанда әлгі төрт құсқа жан бітіп, ұшып келеді. Аллаһ Тағала Ибраһимді әр кез жебеп-желеп отырады, оның ұрпақтары арасынан бірнеше пайғамбар шыққан. Құран Кәрімнен кейін шыққан аңыздарда Ибраһимнің көп саяхаттағандығы, Мысырда да болғандығы, сонда перғауын оның әйелі Сараны тартып алмақ болғанда, Аллаһтың құтқарып қалғандығы айтылады. Ибраһимді Арабиямен байланыстырған аңыздар да көп тараған. Негізгі арқауы – оның арабтар мен еврейлердің атасы екендігі. Сара оның күні Хаджарды (Ажарды) баласы Исмаилмен (Ысмайылмен) бірге қуып жіберген соң, Ибраһим оларды Меккеге әкеліп қоныстандырады. Өзі де жиі келіп тұрады. Бір келген сапарында ол Исмаилмен бірге тасқын қиратқан әл-Қағбаны қалпына келтіреді. Меккенің жанында Ибраһим өзінің ұлын құрбандыққа шалмақ болады. Бірақ Құран Кәрімде ұлының аты аталмайды, аңыздарда Исмаил делінеді. Аллаһ Ибраһимнің ниетіне риза болып, ұлының орнына құрбандыққа шалуға көктен тоқты түсіреді. Содан бері Аллаһ жолына құрбандыққа қой шалу дәстүрі орныққан. Құранда баяндалатын бұл оқиғалар («Ибраһим» сүресінің 41-аяты; Саффат сүресінің 41-аяты) Тауратта да кездеседі (Бет: 1-12, 22; 2-12). Құран Кәрімдегінің Таураттағы Авраамнан айырмашылығы ол ұлын құрбандыққа шалу туралы Аллаһтың бұйрығын түсінде көреді. Сондай-ақ,

Тауратта ұлының аты айтылады, Құранда тұспалданады. Сонымен қатар, Құдайдың бұйрығын алған Авраам ұлы Исаакты оған ескертпестен құрбандыққа шалуға ниеттенсе, Құрандағы Ибраһим әуелі күдік келтіреді, алайда баласы Аллаһтың бұйрығын ойланбастан орындау қажеттігін айтады. Барлық құрбандыққа шалу үрдісі Тауратта толық баяндалса, Құран Кәрімде оған аса назар аударылмаған. Ислам дінінде Қағбаға тәжім ету ғана емес, қажылықтың барлық рәсімі Ибраһим есімімен байланысты. Мысалы, Хаджардың сәбиі Исмаилға су іздеп асафа мен әл-Маруа төбелері арасын кезуі, Зәмзәм суын табуы, Ибраһимнің әл-Каланы қайта қалпына келтіруі, шайтанмен айқасы, құрбандыққа ұлының орнына тоқты союы т.б.

Аңыз бойынша, Ибраһим зираты Палестинадағы әл-Халилде делінеді. Қабірдің маңайы мұсылмандар ерекше құрмет тұтатын «киелі орын» болып саналады.

873. Исмағил – пайғамбар есімі.

874. шәһуәт – өте құштарлық.

875. «фә изә һум жәмиғун ләдәйнә мухдәрун» – олар бәріде тобымен біздерге оралады.

876. «Субханака Аллаһуммә уа бихамдикә» – сана дұғасы деп аталады. Оны құлақ қаққаннан кейін оқиды.

877. Құран қирағат – құран оқу.

878. Фулән – бір адам.

879. Хаиәт – тірі болу.

880. басар – көру.

881. сәмиғ – есту.

882. ирада – қалау.

883. кәләм – сөйлеу.

884. тәқуин – жоқтан бар ету.

885. руқуғ – иілу. Намаздың негізгі тіректерінен болған руқуғ қолдары тізеге қойып, төмен қарай иілу. Намаздарда руқуғ жасау да бір руқуғ болып саналатын парыз. Құран оқығаннан кейін иіліп руқуғқа барады. Руқуғта бас және арқаны тік ұстап, қолды тізеге дейін апарды. Сондықтан тік тұрып намаз оқыған адамның руқуғ үшін тек қана басын иіюі жеткілікті емес, арқасын да иіп, басы мен арқасын бір деңгейде ұстауы керек. Сонда толық бір

рукуғ болады. Сонымен қатар намаз оқып жатқан адам рукуғқа толық бармай, киямға жақын тұрса, онда рукуғ дұрыс болмайды, бірақ рукуғқа жақын тұрса, онда рукуғ дұрыс болады. Арқасы бүкір адам шамасы келсе рукуғқа әдеттегідей көбірек иіледі. Рукуғтың парыз екені аят және хадистермен бекітілген. Аллаһ Тағала былай бұйырған: «Ей, иман келтіргендер! рукуғ жасаңдар». Пайғамбарымыз, намазын толық оқымаған адамдарға: «енді қанағаттанарлық түрде рукуғқа бар» – деген.

Аллаһтың елшісі, жасаған рукуғты Әбу Хумейд былай түсіндіреді: «Пайғамбарымыздың, рукуғ жасағанда қолдарын тізелерінің үстіне қойып арқасын түзу ұстағанын көрдім».

Айша пайғамбарымыздан, рукуғта бастың иілуі жайында былай риуаят еткен: «Алланың елшісі рукуғ жасағанда басын жоғары қарай көтермей, томен «қарай да имей, екеуінің арасында тең ұстайтын». Басқа хадисте былай делінген: «Пайғамбарымыз, рукуғ жасағанда арқасында бір тостаған су болса шайқалмайтын». Отырып намаз оқыған адам рукуғта маңдайы тізелерінің тұсына келетіндей иілуі керек.

886. Милләт – қауым.

887. Хадис күдси – құран аяттары тәрізді анық хабар етілмеген, дінге қатысты Аллаһ тағаланың бұйрығы.

888. ләтиф – рақымды, жұмсақ.

889. ғитәб – күнә

890. сәжде – рукуғден тұрған соң маңдайын, мұрнын, башпайларының ұштарын, екі қолы мен екі тізесін, қысқасы жеті мүшесін мүшесін жерге тигізу. Сәждеде көз мұрынның екі жанын көріп тұрады. Екі қол беттің екі жақ маңдайында, саусақтар жабық, құбылаға бағытталады.

891. тәқрару тәкид – қайталау нығайтады.

892. «әттахияту лилләһи уас-саләту уа тайбатү» – сәлемдер, салауаттар және барлық жақсылықтар Аллаһқа тән.

893. татлиғ – шығу.

894. Әсхәбул иәмин – жақсы амалдардың иелері.

895. әнбиә – пайғамбарлар.

896. ғәзәм әулиә – ұлы әулиелер.

897. ғарқ – бату.

898. «фәуәлил мусәллиһә әлләзинә» – «Сондай намаз оқушыларға нендей өкініш». Мағун сүресі 4-аят
899. «әлләзинә һум ғән саләтиһим сәһун – «Олар, намаздарын нем-құрайлық оқиды Олар». Мағун сүресі 5-аят.
900. мизан – таразы.
901. «әлләзинә һум юраун» – «Олар көрсету үшін оқиды». Мағун сүресі 6-аят.
902. «уә иәмнәғунәл мәғун» – «Сондай-ақ олар тұтыну заттарына тыйым салады. (Ыдыс-аяқ, аспап, т.б. сияқты)». Мағун сүресі 7-аят.
903. Ғақил – ақыл есі дұрыс.
904. бәлиғ – балиғат жасына жеткен адам.
905. фиғилі – істері.
906. мустахаб – таңдаулы, ең көркем амал. Пайғамбарымыз кейде жасап, кейде жасамаған.
907. мубах – мұсылмандардың орындауға ерікті амалдары.
908. мәкруһ – жағымсыз істер.
909. муфсид – пасық адам.
910. шәиларны – нәрселерді.
911. ләзим – керек.
912. Мәкруһ тахримні – харамға жақын жағымсыз істер.
913. Мәкруһ тәнзиһні – жағымсыз тазалану
914. иғтиқад – сенім.
915. хадис – пайғамбарымыздың сөздері және жасаған амалдары.
916. тәрк – тастау.
917. жәһәннам ғазабына – тозақтың азабына.
918. жүнпәліктен ғұсыл – мұсылманның жүнпәліктен кейін және басқа жағдайларда орындау міндетті толық жуынуы.
919. мустахик – лайық.
920. әнкәрә – тастау, қабылдамау.
921. ғитәбқа – күнәға.
922. нәфіл – қосымша, парыз амалдарынан тыс орындалатын қосымша ғибадат түрі.
923. зина – некесіз ер – әйелдің шарифат тыйым салған жолмен жыныстық қатынас жасауы.
924. хамир – арақ.
925. ғайд – мереке.

926. тәкбірлерні – құлақ қағу.
927. махшар – қиямет қайымда жиналатын жер.
928. фәсад – күнә, пасықтық.
929. әлхамду – мадақ. Аллаһқа шүкір.
930. иә, жамил – Әсемдік.
931. Махбуб – Сүйікті.
932. Иә, уәдуд – Сүйікті пенделерін дүниеде де ахиретте де дәрежелерін көтеруші.
933. зияда – артық болу.
934. иә, қауииу – Күшті, құдіретті.
935. Һәләк – құру.
936. иә, рахим – Қиямет күнінде рахмет көлеңкесіне алушы, жарылқаушы.
937. Иә, құддус – Барша кемшіліктерден пәк киелі, қасиетті.
938. әнуәғ марад – арудың түрлері.
939. мубтәлә – ажырату.
940. Иә, қанһар – Кез келген уақытта жазалауға құдіреті жетуші.
941. Мақһуур – бағындыру.
942. Иә, қабид – Әзірейіл періштеге жан алуға әмір беруші.
943. Иә, бәриу – Әр нәрсені өзгеге ұқсасы болмаған етні жасаушы, жарыққа шығарушы.
944. иә, мусәууир – Бөтен нәрселерге бейне, сурет беруші.
945. Иә, мүһәймин – Әр уақыт өз саясына алушы қорғаушы, сақтаушы.
946. Иә, мумин – әй, иман келтіргендер.
947. Иә, Жәббәр – құдіретті, қуатты, Аллаһ тағаланың сипаты,
948. бизнилләһи тағала – Алланың рұқсатымен.
949. әғузу – сыйынамын.
950. аят әлкурсиині – Бақара сүресінің 255-аяты.
951. «шәһидә аллаһу иннәһу лә иләһә иллә һууә уал мәләикәтуһу уа улу әлғалиму қаимән билқаст лә иләһә иллә һууә әлғазиз әлһаким. Иннә динә ғиндаллаһил исләм» – Аллаһ тағала періштелер және әділет үстінде тұрушы ғылым иелері, расында тым үстем, хикмет иесі Аллаһтан басқа тәңір жоқтығына куәлік берді. Аллаһтың қасында шынайы дін Ислам. Әл-Ғимран сүресінің 18-19 аяты.
952. Қалә Аллаһу яумә жумғати – Аллаһ Тағала жұма жайлы айтты.
953. ғәфу – кешірім.

954. тамуғлық – тозактық.

955. мумин – иман келтірген. Бұл сөз термин ретінде иманның алты шартына сеніп, Аллаһтың және пайғамбардың (с.ғ.с.) бұйрық тыйымдарын сақтап, үлкен күнәлардан аулақ бола жүрін игі амал істейтін адамға қолданылады. Оның дәрежесі жай мұсылманнан биік. «Мұсылман» сөзі – «Аллаһқа бойсұнушы», «Аллаһқа берілуші» дегенді білдіреді, бірақ бойсұну мәжбүрлеу нәтижесінде немесе басқа да жағдайларға байланысты көрініс табуы мүмкін, ал «мумин» (иманға келген) деген сөз ішкі берік сенімділікті білдіреді. Бұл айтылған төмендегі аяттың мазмұнында келген: «Бәдәуилер: «Иман келтірдік», – дейді. (Мұхаммад (с.ғ.с.) оларға: «Сендер иман келтірмедіңдер. Алайда «мұсылман болдық» деңдер. Өйткені иман жүректеріңе кірмеді, – де». (Хужрат сүресі. 14-аят.)

956. масжидке – мешітке.

957. Тәуба, ражуғ – күнә жасаған үшін кешірім тілеу. Істегеніне өкіну. Оны жасамауға уәде беру.

958. даиғ – насихат, дін насихаттаушы.

959. кәләм – сөз.

960. зекет – ислам діннің тіректерінің бірі. Ол нисабқа (белгілі бір мөлшерге) жететін дүние-мүлкі бар әрбір мұсылманға парыз болып табылады. Зекет ақшадан, алтын-күмістен, тауардан, бидай, арпа, құрмадан т.б. беріледі. Құранда зекеттен алынған дүние-мүлік кедей-кепшіктерге, міскін-бейшараларға, зекет жинаушыларға, Исламға көңілі бұрылушыларға (оларды Исламға тарту немесе имандарын орнықтыру үшін), құлдарды азат етуге, алған қарызын өтеуге мүмкіндігі жоқ адамдарға, Аллаһ жолындағыларға және қаржысы таусылған жолаушыларға берілуі тиіс екені айтылған («Тәуба» сүресінің, 60-аяты).

961. Жәһаннам – тозақ атауларының бірі.

962. Кәусар – жәннаттағы бұлақтың аталуы.

963. жәмиғ – барлық, барша.

964. фитнә – Бұзақылық, сотқырлық, қикарлық, бүлік.

965. сопы – Пайғамбарымыз Мәдинада салдырған мешіттің бір бұрышына құрма ағаштарынан көлеңкелік баспана жасатты.

Көлеңкелікке арабшада – суффа делініп, ол жерде тұрғандар – асхабы суффа аталды.

Суффа сахабалары – туған-туыс, жақындары және діни мүліктері жоқ кедей сахабалар болатын. Олар өмірлерін құран үйреніп, пайғамбарымыздан (с.а.у.) тәлім алу жолына арнады. Олардың қажеттіліктерін пайғамбарымыздың өзі және дәулетті сахабалар қамтамасыз етті.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ілімімен сусындаған бұл бақытты жандар аз уақыттың ішінде сахабалар арасында құран, хадис және басқа да діни ілімдерді терең меңгеруімен жоғары құрметке ие болды. Олар күндіз ораза ұстап, түнде ғибадат етіп, дүниенің күйбең тіршілігінен бойларын алыс ұстап, алтын уақыттарын адамзаттың ардақтысынан (с.а.у.) естігендерін жаттап, кейінгілерге жеткізу жолында өткізді. Пайғамбарымыздың білім бұлағынан сусындаған бұл сахабалар жан-жаққа мұғалім етіп жіберілді. Олар исламның шынайы рухын басқа руларға, мемлекеттерге көркем түрде уағыздау арқылы жеткізді. Өмірлерін ақиқатты паш етуге арнаған ақиық сахабалар тек уағыздаумен ғана шектеліп қалған жоқ, керекті кезінде қаруларын асынып, қасиетті соғыстарға қатысты.

966. Дәжжәл – қиямет белгілерінің бірі ретінде хадистерде көп айтылған жалғаншы. Масих Дәжжәл деп те атайды.

967. Мәһди – ақыр заманда келетін адам имам Мәһди дейді.

968. Иәжуж уа Мәжуж – Яжуж Мәжуж қияметтің алдында шығып, жер бетін қан сасытып, қырғын салатын халық. Құран кәрімдегі «Әнбия» сүресінің 96-аяты мен «Кәһф» сүресінің 94-98-аяттарын қараңыз.

969. Исафил сүрін – ақыр заман келтіру үшін сүр үрлейтін періште.

970. Әнуағ симағ – есту мүшелері.

971. ғафил – немқұрайлы. Надан.

972. ләхад – қабір.

973. Ғазірейіл – жан алатын періште.

974. Уәрислар – мұрагерлер.

975. қасил – кесу, азап.

976. мухкәм – сеніммен.

977. мискиндер – кедейлер, пақырлар.

978. тауфик – келісу тыныштық орнату.

979. баки – мәңгілік өмір, ақырет өмірі.
980. Матлуб – керекті.
981. Рамазан шариф – Ораза ұстайтын ай.
982. фитр – ауыз ашу.
983. муғлиқ – жабық.
984. уажиб – орындалуы дәл парыз секілді талап етілмеген, бірақ қуатты дәлелдермен анықталған іс-әрекет пен уазипалар. Мысалы: құрбан шалу, үтір және айт намазын оқу, т.б. уәжіптің үкімі парызға ұқсас. Яғни, орындалса, сауап алады. Орындамаса, акиретте азап бар.
985. қиямет – ақыр заман жер бетіндегі тіршілік күл-талқан болып күйреп, адамдар есеп беру үшін қайта тірілетін мезгіл.
986. сират көпірінден – көпір, өткел, жол. Бұл көпір қияметте махшар мен жәннаттің арасын жалғаушы, тозақ үстінен жүргізілген өткел.
987. махрум – құр қалу.
988. истиқамат – шыншылдық
989. наһу – Араб тілінің гараматикасы сарф және наһу болып екіге бөлінеді. Наһу – синтаксис – сөз тіркесі және сөйлем туралы ілім.
990. сарф – морфология – сөз және оның формалары туралы ілім.
991. мантиқ – логика – ойлау туралы ғылым.
992. жәһл мураккәб – толықтай надан, білімсіз.
993. лә ләһу – жоқ оған.
994. Уали Алланың суәлі – уали Аллаһтың сұрағы.
995. тақдир иләһиға – Құдайдың жазғанына.
996. заһир – анық, айқын, күдіксіз.
997. Иәһудтар Ғузайр ғәләйһис сәләмді ибн Аллаһ – Еврейлер Ғузайр ғәләйһис сәләмді Аллаһтың ұлы деген.
998. Насранлар – христиандар.
999. Бағду – кейбір
1000. Ғайб – жоқ болу, болмау.
1001. ширк – Аллаһқа ортақ серік қосу, ерігі бар деу онымен қатар бір нәрсеге табыну.
1002. мунәззәһ – пәк, таза.

Түсініктер

1. С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың С. Бейсембаев атындағы ғылыми кітапхана қоры – № 1 бума. – Б. 128, 129, 132-139, 142-158.
2. С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың С. Бейсембаев атындағы ғылыми кітапхана қоры – № 2 бума. – Б. 214, 244-251, 390-402.
3. С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың С. Бейсембаев атындағы ғылыми кітапхана қоры – № 4 бума. – Б. 124-136, 137, 138, 139, 146, 173-177, 227-237, 246, 249, 250, 251-254, 255-256, 259-260, 264-267, 273-279, 208-225, 280-301, 302-309, 310-319, 354-358, 387, 388-391, 403.
4. С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың С. Бейсембаев атындағы ғылыми кітапхана қоры – № 5 бума. – Б. 30-31, 36-39, 54, 62-68, 74-77, 86-88, 90, 96-98.
5. С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың С. Бейсембаев атындағы ғылыми кітапхана қоры – № 6 бума. – Б. 71-96, 97-100, 110-111, 114-116, 121, 256, 257, 258, 259, 260, 261.
6. С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың С. Бейсембаев атындағы ғылыми кітапхана қоры – № 7 бума. – Б. 74, 80, 82, 85-87, 88-91, 112, 320, 324-334.
7. С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың С. Бейсембаев атындағы ғылыми кітапхана қоры – № 8 бума. – Б. 153, 154, 157, 158, 159, 160, 161.
8. С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың С. Бейсембаев атындағы ғылыми кітапхана қоры – № 11 бума. – Б. 125-142.
9. ҚР ҰҒА ОҒК қолжазба қоры – № 1176 бума. – Б. 7, 11, 17, 18, 19-21.
10. ҚР ҰҒА ОҒК қолжазба қоры – № 1170 «Б» бума. – Б. 686-688, 892-895, 900, 901, 1047, 1048.
11. Баранов Х.К. Арабско-русский словарь / Х.К. Баранов. – М.: Русский язык, 1985.
12. Белкин В.М. Карманный арабско-русский словарь / В.М. Белкин. – М.: Арабский клуб, 1992.
13. Мұсабаев Ғ.Ғ. Орысша-қазақша сөздік / Ғ.Ғ. Мұсабаев. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы. 1978. Т. 1, 2.

14. Халифа Алтай. Құран кәрім қазақша мағынасы және түсінігі / Халифа Алтай. Сауд Арабия, 1991.
15. Радовильский М.Е., Восканян Г.А., Шойтов А.М. Учебный персидско-русский словарь / М.Е. Радовильский, Г.А. Восканян, А.М. Шойтов. – М.: Восток-Запад, 2005.
16. Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ. Ислам ғылымхалы / М. Исаұлы, Қ. Жолдыбайұлы. – Алматы: 2003. – Б. 13, 70, 114-117, 181-183, 214, 286, 291-294, 308-309, 324, 306,
17. Халифа Алтай. Хұтпалар / Халифа Алтай. – Алматы: 2001. – Б. 65-67.
18. Әділбаев А. Саңлақ Сахабалары / А. Әділбаев. – Алматы: 2004. – Б. 29-30, 50, 70, 199-205.
19. Жадмолла М.А., Қайыржанұлы К., Оразақын А. Құран хикаялары / М.А. Жадмолла, К. Қайыржанұлы, А. Оразақын. – Алматы: Жалын, 1992. – Б. 29-30, 151-156.
20. Осман Нури Топбаш. Рахмет пайғамбарынан рахмет самалы / Осман Нури Топбаш. – Туркия: – Б. 230, 236.
21. Али Хіммет Берки. Осман Кескіюғлу. Сонғы пайғамбар хазірет Мұхаммедтің өмірбаяны / Аударған Дағайқызы С. Анкара: 1997. – Б. 36-37, 173-178.
22. Мұхтасар ғылымхал. – Алматы: 2006. – Б. 8.
23. Тасымов Б.С. Араб тілі. 2 бөлім. – Алматы: Рауан, 1994. – Б. 79.
24. Халифа Алтай. Ғибадатул – Ислам / Халифа Алтай. – Алматы: 2001. – Б. 63, 87-97.
25. Қазақстан ұлттық энциклопедия. Т. 4. / Бас. ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақэнциклопедиясының» Бас редакциясы, 2002. – 187, 354 б.
26. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов. – Алма-Ата: Мектеп, 1989. – Б. 120.

Мазмұны

Мухаммади.....	3
Шейх Сағди.....	5
Дұға.....	7
Діни аңыз.....	10
Уа руиә Жәббәр.....	13
Хадис шарифтен үзінді.....	54
Діни уағыз.....	55
Жәуәһәр бес қисм дүр.....	59
Араб тілінің гараматикасы.....	61
Хутбаи никәх.....	84
Дуғаи никах.....	86
Сүттес бауыр туралы.....	87
Етістіктің бабтары.....	88
Мұхаммед Ханафия қиссасы.....	105
Иман ижмәл.....	111
Иманның ғаксі кәфир дүр.....	111
Адам не шәйлар иле мүмин уа мұсылман болар.....	111
Иман пендеде үш түрлі болар.....	111
Құдай тәбарак уа тағаланың субути сипаттары.....	112
Аллаһ тағаланың зати сипаттары алты дүр.....	113
Періштелерге иман келтіру.....	115
Аллаһ Тағаланың кітаптарына иман келтіру.....	115
Пайғамбарларға иман келтіру.....	115
Хайр уа шарр Аллаһ Тағала тақдирындан екеніне иман келтіру.....	116
Өлгіш дүрлігі һәм қабір қазабына иман келтіру.....	116
Ақирет күніне иман келтіру.....	116
Орманшы Ақсары Шонан батырдың Абылай ханға айтқан сөзі.....	121
Жетінші дерек.....	121
Адам тәні.....	122

Діни уағыз (үшінші түрі).....	123
Түрлі мәліметтер	124
Дін тарихы.....	124
Мәснәуи шариф кітабынан	127
Хутба сәни	147
Хадис шариф кітабынан (Мәшһүр жазбасы).....	152
Дін туралы (бөгде жазу).....	160
Дін тарихы және уағыз	164
Сегізінші дерек	165
Діни уағыз	165
Орманнан бір шал қайтты отын алып (өлеңі).....	166
Дін тағылымы (бірінші әңгіме).....	166
Хожа Хафиз	168
Мәснуй шариф	168
Емдік кеңестер	171
Дін тағылымы (бесінші әңгіме)	172
Дін тағылымы (алтыншы әңгіме).....	176
Марз бум.....	177
Жұмбақ және оның шешуі	178
Хәмсә науаиде.....	178
Түрлі деректер	180
Қорқыныш төр түрлі.....	182
Шық иле қырау	182
Жұмбақтар.....	184
Бисмиллаһир рахманир рахим.....	185
Түрлі деректер	185
Қожа Хафиз т.с.с.	186
Шейх Сағди т.с.	189
Мәснәуи кітабынан.....	190
Мәснәуи шариф.....	190
Ай, күн мезгіліндегі өзгерістер	191
Пайғамбар тағылымы	207

Дін тағылымы (бірінші нұсқа)	226
Дін тарихы (бірінші нұсқа)	227
Дін тарихы (екінші нұсқа)	228
Шейх Сағди	229
Ғылым-дін тарихы	229
Намазбен құрбан шалу мәні туралы	232
Ғәуәмил әлмиәт	240
Дастан	251
Дін және ғылым	266
Ғылым-білім ұқпаушыларға сын	269
Қосымша түсіндірме	276
Түсініктер	335

Мәшһүр-Жүсіп

Шығармалары. 15 том

16.08.2013 ж. басуға кол қойылды. Көлемі 60x84/16.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі KZ Times.
Шартты баспа табағы 19,7. Есептік баспа табағы 11,5.
Таралымы 1000 дана.

«ЭКО» ЖШС-та басылған.
Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ.,
29 Ноябрь к., 2, Тел.: 8 (7182) 61-82-18